



SILKWAY

**«SilkWay мектеп-лицей»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік**

Өзін-өзі аттестаттау құжаттары

Атырау қаласы
2023 жыл

«SilkWay мектеп-лицей» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне

жалпы сипаттама

Мектептің миссиясы: Адами құндылықтарды бойына сіңірген бәсекеге қабілетті жаһандық тұлға қалыптастыру

Мақсатымыз: Оқушылардың нарық заманына сай кең ауқымды дағдыларын іс-тәжірибе арқылы дамыту, шығармашылық қабілеттілігін арттыру.

Мектебіміздің ерекшелігі:

- құндылықтарды дәріптеу арқылы түлек моделін қалыптастыруға әсер ету;
- саналы тәрбие мен сапалы білімді меңгертуде «мектеп+отбасы» одағын күшейту.
- нарық заманына сай дағдыларын оқушылардың бойына сіңіру.

Жаратылыстану бағыты

«SilkWay мектеп-лицей» ЖШС білім алушының ғылым, білім, мәдениет, өнер, спортты терең игеруге бағытталған, элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

2023 жылдың 31 тамыз күні өткізілген № 1 педагогикалық кеңестің қаулысы негізінде мектеп директорының 2023 жылғы 01 қыркүйектің №19 бұйрығына сәйкес өзін-өзі бағалауды өткізудің төмендегі комиссиясы құрылды:

1. Али Тор – мектеп-лицей директоры, комиссия төрағасы;
2. Д.С.Ербаев – мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі, педагог-сарапшы;
3. А.К.Бисенкулова- мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі, педагог-шебер;
4. Ш.Тлеуғазыұлы – директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Г.Д.Досымбаева - бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі; педагог-зерттеуші;
6. Ғ.О.Куралбаева- лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі, педагог-зерттеуші;
7. Т.К.Тохтаганова- мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.

“SilkWay мектеп-лицей” ЖШС
Атырау қ.
Амандосов к-сі 51А
info@silkway.edu.kz
+7 (7122) 49 21 91



SILKWAY

ТОО “SilkWay мектеп-лицей”
г. Атырау
ул. Амандосова 51А
info@silkway.edu.kz
+7 (7122) 49 21 91

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

31.08.2023 №19

Атырау қаласы

город Атырау

**Өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы
БҰЙЫРАМЫН:**

2023 жылдың 31 тамыз күні өткізілген №1 педагогикалық кеңестің қаулысы негізінде мектеп директорының өзін-өзі бағалауды өткізудің төмендегі комиссиясы құрылды:

1. Али Тор – мектеп-лицей директоры, комиссия төрағасы;
2. Д.С.Ербаев – мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі, педагог-сарапшы;
3. А.К. Бисенкулова – мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі, педагог-шебер;
4. Ш.Тлеуғазыұлы – директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Г.Д.Досымбаева – бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі; педагог-зерттеуші;
6. Ғ.О.Куралбаева – лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі, педагог-зерттеуші;
7. Т.К.Тохтаганова – мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын

Директор



Тор Али

Бекітемін:
 Атырау қаласындағы
 ЖШС «SilkWay мектеп-лицейі»
 мекемесінің директоры
 Али Тор





Өзінді-өзі бағалау жоспары
 2023 – 2024 оқу жылы

№	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес 1. Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту. 2. Аттестаттау ережесімен таныстыру.	31 тамыз	Али Тор
2	2023-2024 оқу жылындағы мектеп-лицейінің өзін-өзі аттестаттау туралы бұйрығы.	31 тамыз	Али Тор
3	Аттестаттау комиссиясының отырысы.	Қазан Аптасына 1 рет	А.К.Бисенкулова
4	4,9 сынып оқушыларының деректер қорын дайындау, компьютермен жабдықтау туралы мәліметтер жинақтау.	Қазан	Д.С.Ербаев Ш.Тлеуғазыұлы
5	Мектептің құрылтайшылық құжаттары	Қыркүйек	Ж.Т.Шаншилова
6	Нормативтік құжаттармен жұмыс жүргізу.	Қыркүйек-мамыр	А.К.Бисенкулова Д.С.Ербаев Ш.Тлеуғазыұлы
7	Мектепті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету туралы ақпарат.	Қыркүйек	Ж.Т.Шаншилова
8	МЖМБС талаптарына сәйкес мектеп-лицейінің жылдық оқу жоспарымен жұмыс жүргізу.	Жыл бойы	А.К.Бисенкулова Д.С.Ербаев Ш.Тлеуғазыұлы
9	4,9 сынып оқушыларының кіріс бақылауларының болуы.	05-10.09.2023	Д.С.Ербаев Ш.Тлеуғазыұлы
10	Тәрбие жұмыстары бойынша құжаттар дайындау.	Қыркүйек-мамыр	Ч.Араджы Ғ.О.Куралбаева Т.Т.Тохтаганова
11	Мектеп кітапханасы бойынша құжаттар әзірлеу	Қыркүйек-мамыр	А.И.Ибрашева
12	Психолог жұмыстары бойынша	Қыркүйек-мамыр	А.Муратов

	құжаттар дайындау.		
13	Мектептегі оқу үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде компьютерлердің болуы, оқу зертханаларының, оқу пәндік кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы ақпаратты әзірлеу.	Қыркүйек-мамыр	А.С.Байузакова
14	Білім беру ұйымында медициналық қызметтердің, оның ішінде медициналық орталықтың және медициналық қызметпен айналысуға лицензияның болуы туралы мәліметтер.	Қыркүйек	Медбике

Комиссия мүшелері 2023 жылдың 20 қыркүйек мен 20 қазан аралығында білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес 2 тарауда көрсетілген "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік аттестаттау болып табылмайтын білім беру ұйымдарын жыл сайынғы бағалау оқу нәтижелеріне бағалау жүргізбей өткізіледі, сонымен қатар білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ескере отырып, бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылатыны ескеріп өзін-өзі бағалау өткізді:

1. білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеті мен құндылықтары;
2. оқытушылық және оқыту;
3. білікті қызметкерлердің болуы;
4. қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5. білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6. тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық -техникалық база.

I. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:	
1)	Білім беру ұйымының толық атауы: Атырау қаласындағы «SilkWay мектеп-лицейі» ЖШС мекемесі
2)	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері: Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы, Тауман Амандосов көшесі, үй 51А, пошта индексі 060000
3)	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт): тел. 8/7122-492191, 8/7122- 492179 электрондық поштасы – info@silkway.edu.kz Мектеп сайты: silkway.edu.kz Instagram: silkwaysl edupage әкімшінің логині silkway, паролі SilkwaySL2016 bil.org.kz әкімшінің логині 940424302126, паролі FsUr НОБД әкімшінің логині Ss160540016213, паролі Zz12345+  AUTH_RSA256_9fa8246d3f83e6ac38cb9ab5c1ae736b530403f6.p12
4)	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (директордың аты-жөні, тегі, лауазымға тағайындалу туралы бұйрықтың көшірмесі): Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған (тандалған) басқарушы Али Тор "Білім Орда" Халықаралық қоғамдық қоры  МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ.р

5)	<p>Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (мемлекеттік қайта тіркеуден өту туралы анықтама/куәліктің көшірмесі немесе заңды тұлғаның қайта тіркеуден өтуі туралы және жарғы).</p> <p>2016 жылының 19 мамыр Досанов Нурлан Ершатович және Накпаев Чингис Муратович құрылтайшылардың № 005/023 қаулысымен бекітіліп, Атырау қаласының Әділет басқармасында тіркелген. Атырау облысының Әділет департаменті Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. "SilkWay мектеп - лицей" ЖШС мекемесі БСН 160540016213, мекеменің бірегей тіркеу нөмірі №10100673194129. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 2016 жылғы 19 мамыр.</p> <p>Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 13.09.2023 берілген. Мектептің білім беру қызметі Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, Қазақстан Республикасы орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.</p>
б)	<p>Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне берілген лицензия және оның қосымшасы және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында қызметті жүзеге асыруда бастау туралы хабарламаны қабылдау талоны).</p> <p>Білім беру қызметі 2017 жылдың 29 сәуір "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Атырау облысының Білім саласындағы бақылау департаменті" мемлекеттік мекемесі берген №KZ22LAA00009020 мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт (жер учаскесінің алаңы – 4192,7) кадастрлық номері: 04:066:020:730:2.</p> <p>Жер учаскесінің жеке меншік құқығы (барлығы) туралы анықтама №0873453 2016 жылғы 23 қыркүйек алынды.</p>
<p>II. КАДРЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ТАЛДАУЫ</p>	
	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.</p> <p>Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:</p> <p>1. Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне</p>

сәйкес педагогтердің болуы. Жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).

Нәтижелері:

Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу мынаны көрсетті:

Кадрлар құрамының талдауы

«SilkWay мектеп-лицейінің» мұғалімдерінің 3 жылғы сандық құрамы

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	о.ж.	о.ж.	о.ж.
Педагогтардың саны	56	62	62

Кестеде талданып отырған кезеңдегі педагогтардың сандық құрамында кітапханашылар қосылмаған. Статистикалық мәлімет бойынша педагогикалық құрам өсу динамикасын көрсетіп отыр (+7). Педагогикалық құрамға бастауыш сынып мұғалімдері, пән мұғалімдері, педагог-психологтар кірді. «SilkWay мектеп-лицейінің» педагогикалық ұжымы тұрақты деген қорытынды жасауға болады.

Педагогтардың білім деңгейі бойынша кадрлық құрамы

Педагогтардың білімі	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	о.ж.	о.ж.	о.ж.
Арнаулы-орта	5 (9%)	5 (8%)	4 (6%)
Жоғары	43 (77%)	45 (73%)	50 (81%)
Магистратура	8 (14%)	12 (19%)	8 (13%)

Талданып отырған кезеңде «SilkWay мектеп-лицейінің» педагогикалық ұжымының жалпы санының 81 % жоғары білімді, 6 % арнаулы орта білімді, 13 % магистр дәрежесі бар.

Кәсіптік деңгей

№	Санаты	2021-2022	2022-2023	2023-2024
		о.ж.	о.ж.	о.ж.
1	Жоғары	1 (2%)	1 (2%)	1 (2%)
	Педагог-шебер	1 (2%)	1 (2%)	1 (2%)
	Педагог-зерттеуші	3 (5%)	6 (10%)	4 (7%)
2	Бірінші	1 (2%)	1 (2%)	1 (2%)
	Педагог-сарапшы	9 (16%)	7 (11%)	9 (15%)
3	Екінші	3 (5%)	1 (2%)	0 (0%)
	Педагог-модератор	15 (27%)	14 (22%)	17 (27%)
4	Педагог	0 (0%)	4 (6%)	12 (19%)
5	Санаты жоқ	23 (41%)	27 (43%)	17 (26%)

Педагогтардың кәсіби өсуі мен шеберлік деңгейін көтерудің маңызды көрсеткішінің бірі - ол педагогтардың аттестациясы. Бұл үрдіс мұғалім шығармашылығының белсенділігін арттырады.

Педагогтардың сандық құрамы

Оқу жылы	Бастауыш білім беру		Негізгі және жалпы орта білім беру	
	Барлығы	Санаты бар мұғалімдер	Барлығы	Санаты бар мұғалімдер
2021-2022	23	13	32	21
2022-2023	21	14	41	26
2023-2024	20	15	42	31

Педагогтардың сандық құрамы

Оқу жылы	Білім беру үшін негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі	
	Бастауышта білім беру	Негізгі және жалпы орта білім беру
2021-2022	0 %	3,8 %
2022-2023	0 %	3,2 %
2023-2024	0 %	3,2 %

2022-2023 оқу жылы мен 2023-2024 оқу жылдарының аралығында жоғары, бірінші, педагог - сарапшы, педагог - зерттеуші санатындағы мұғалімдердің үлесі негізгі және жалпы орта білім беру бойынша тұрақты өсіп келгенін байқауға болады. Бастауыш сынып бойынша 2019-2020 оқу жылында COVID пандемиясы кезіндегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты мұғалімдердің аттестациядан өтуіне қажетті олимпиадалар мен мамандық мойынша байқаулардың өтпеуіне

байланысты оқушылар мен мұғалімдер жетістігінің жеткіліксіздігіне орай педагогтар аттестацияға қатыса алмады.

Жылдар	2021	2022	2023
Қурстан өткен мұғалімдер саны	32	19	27

Жоғарыда кестеден көріп отырғанымыздай мектеп-лицейі педагогтары білім беру саласындағы өзгеріп жатқан тенденцияларды ескере отырып, педагогикалық шеберлік деңгейлерін көтеруде белсенді болып келеді.

Педагогикалық еңбек өтілі

№	Еңбек өтілі	2021-2022 о.ж	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.
1	0-3 жыл	19	25	18
2	4-10 жыл	26	23	24
3	11-20 жыл	6	9	14
4	21-30 жыл	3	4	4
5	30 жылдан аса	2	1	2

Берілген мәліметтер үш жыл ағымында педагогикалық ұжым құрамы негізінен педагогикалық өтілі 10 жылдан асқан (32%) тәжірибелі мұғалімдерден тұратындығын көрсетеді. Егер осы үш жылдағы мәліметтерден педагогикалық өтілі бойынша талдасақ, орташа еңбек өтілі 10 жыл мөлшерінде екені байқалады. Дегенмен ұжымда еңбек өтілі 3 жылға дейінгі жас мамандар саны 34 %-дан 29 %-ға өзгерді. Мектеп-лицей ұжымы негізінен жас мамандар жұмыс істейді деп қорытындылауға болады.

Педагогтардың жас бойынша құрамы

№	Жасы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	30 жасқа дейін	28	38	36
2	40 жасқа дейін	16	14	14
3	50 жасқа дейін	7	7	9
4	50 жастан асқандар	4	4	3
	Орташа жас			

Қорытынды: статистика педагогикалық ұжымның жастық құрамының тұрақты екендігін көрсетеді. Талданып отырған мерзімде ұжымның орташа жасы 30 жасты құрайды. «SilkWay мектеп-лицейінің» алдында тұрған басты мақсат педагог кадрлардың қызметтік міндеттерін нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін жоғары кәсіптік құзыреттілікті қамтамасыз ету.

Педагогтардың әдістемелік шеберліктерін дамыту мектепшілік және қалалық деңгейдегі семинарлар, коучингтерде жүзеге асып келеді. Семинарларда педагог қызметкерлердің теориялық, дидактикалық, методикалық, психологиялық дайындықтары аспектісіндегі заманауи білім берудің өзекті мәселелері қаралды. Семинар мақсаттары – мектеп жұмысы мен дамытудың міндеттері, сондай-ақ педагогикалық ұжымның жеке мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес қызметкерлердің біліктілігін арттыру болып табылады.

**Мұғалімдердің біліктілік арттыру курстарынан өтуі туралы ақпарат
2022-2023 оқу жылы**

Р/с	Тегі, аты -жөні	Білімі	Санаты	Біліктілігін арттыру жылы
1	Айгюн Синан	Магистр	жоқ	2022, ЦПМ
2	Гусейнов Ариф Адырович	Магистр	II санат	2021, 2022 ЦПМ
3	Есімхан Өркен Әсетұлы	Магистр	Педагог-сарапшы	2022, ЦПМ
4	Куралбаева Ғалия	Магистр	Педагог-зерттеуші	2021, Өрлеу
5	Тажибаева Перизат Ерікқызы	Жоғары	Педагог-модератор	2022, ЦПМ
6	Малибеков Нуржигит Изритиллаевич	Магистр	Педагог-сарапшы	2022, ЦПМ
7	Нысанбаев Ерсұлтан Ондасынович	Жоғары	Жоқ	
8	Бисенкулова Асель Кабиловна	Жоғары	Педагог-шебер	2021, 2022, ЦПМ
9	Жұртшыбаева Маржан Самбетбайқызы	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ЦПМ
10	Бигалиева Эльмира Каналиевна	Жоғары	Педагог-зерттеуші	2021, ЦПМ
11	Есім Айтолқын Әсілханқызы	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ЦПМ
12	Буланова Амангуль Кайсаровна	Жоғары	санатсыз	2021, ЦПМ
13	Сарсекенова Роза Мазломовна	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ЦПМ
14	Досымбаева Гулбаршын Дуйсенбаевна	Жоғары	Педагог-зерттеуші	2021, ЦПМ
15	Хайруллина Бактыгуль Серикбаевна	Жоғары	санатсыз	2021, ЦПМ
16	Салыкбаева Гульмира Сидыховна	Жоғары	Педагог-зерттеуші	2020, Өрлеу
17	Чертова Наталья Сергеевна	Арнаулы орта	Жоқ	2019, 2020, Өрлеу
18	Насырова Сайёра Бахтиярқызы	Арнаулы орта	Жоқ	2022, ЦПМ
19	Аман Айсана Ақылбекқызы	Жоғары	Жоқ	2022, ЦПМ

20	Қайназарова Нуриля Болатқызы	Жоғары	Педагог- модератор	2021, ЦПМ
21	Тастанбеков Ерсұлтан Едгеевич	Арнаулы орта	Жоқ	
22	Есенғалиева Аружан Файзоллақызы	Жоғары	Жоқ	2022, ЦПМ
23	Молдағали Гаухар Мұхтарқызы	Магистр	Педагог- модератор	
24	Бурабаева Жұлдыз Бауыржанқызы	Магистр	Педагог-сарапшы	2021, ЦПМ
25	Теміржанұлы Азамат	Жоғары	Педагог- модератор	2022, ЦПМ
26	Кадырбек Арай	Магистр	Жоқ	2020, Өрлеу
27	Мусиева Рысжан	Жоғары		
28	Суюнова Анар Талғатқызы	Жоғары	Жоқ	
29	Мукашев Диас Қайратұлы	Арнаулы орта	Жоқ	
30	Тапалова Гульмира Науановна	Жоғары	Педагог- зерттеуші	2021, Өрлеу
31	Оразов Нурсұлтан Джумабекович	Жоғары	Педагог- модератор	2021, ЦПМ
32	Раимбаева Акерке Болатовна	Жоғары	Жоқ	
33	Исмаилова Айнур Жалғасовна	Жоғары	Педагог-сарапшы	
34	Мамырбаев Секен Дүйсенұлы	Жоғары	Педагог- модератор	2021, 2022 Катев
35	Кабиджан Назерке Қанатқызы	жоғары	Педагог	
36	Садуақас Қымбат Қанатбекқызы	Магистр	Педагог- модератор	2021, ЦПМ
37	Арано Джон Мурфи			
38	Алимжанова Камила Калкамановна	Жоғары	Педагог-сарапшы	2017, ЦПМ
39	Жарылқасын Айжан Шабданбекқызы	Магистр	Педагог- модератор	
40	Адильбаев Максат Бакытжанович	Жоғары	Педагог-сарапшы	
41	Брекеева Айнур Қуанышевна	Жоғары	Жоқ	
42	Абат Айгерім Абатқызы	Жоғары	Педагог	
43	Бектемирова Саулемай Саламатқызы			
44	Қанен Әбілхайр Асқанұлы	Жоғары	Жоқ	
45	Қабдулла Гүларман Мусағалиқызы	Жоғары	Жоқ	
46	Chifuniro Michael Geoffrey	Жоғары	Жоқ	
47	Қабидолла Мирас Русланұлы	Жоғары	Педагог	2022, ЦПМ

48	Салхаден Райхан Ғалижанқызы	Жоғары	Педагог- модератор	
49	Сейткереева Салтанат Атайевна	Жоғары	Жоқ	
50	Иярова Ақжанар Жандосқызы	Жоғары	Жоқ	2021,2022, Катев
51	Абжан Еңлік Өркенқызы	Магистр	Педагог- модератор	2019, Өрлеу
52	Серікұлы Нұрбек			
53	Дуздыбаева Актоты Базарғалиевна	Жоғары	I санатты	
54	Кисимова Алия Мараловна	Арнаулы орта	Педагог-сарапшы	
55	Аханов Кайрат Канатович	Жоғары	Педагог- модератор	
56	Құмарқанов Серік Асқатұлы	Жоғары	Жоқ	2020, ЦПМ
57	Ибатова Айсұлу Мусақызы	Жоғары	Жоқ	
58	Ермұқанова Аида Ерболқызы	Жоғары	Жоқ	
59	Рапихова Наргиз Ержановна	Жоғары	Жоқ	
60	Саяқызы Жанерке	Жоғары	Жоқ	
61	Муратов Абди Жанатович	Жоғары	Жоқ	2022, Катев
62	Айтқазынова Зарина	Жоғары	Жоқ	

**Мұғалімдердің біліктілік арттыру курстарынан өтуі туралы ақпарат
2023-2024 оқу жылы**

Р/с	Тегі, аты -жөні	Білімі	Санаты	Біліктілігін арттыру жылы
1	Ербаев Дидар Сейдуулы	Магистр	Педагог - сарапшы	2022, ПШО 2023, ПШО
2	Тлеуғазыұлы Шалқар	Жоғары	Педагог - сарапшы	НЗМ, 2017 2023, ПШО
3	Бисенкулова Асель Кабилловна	Жоғары	Педагог-шебер; үшінші санатты директор орынбасары	2021,2022, ЦПМ; 2023 ҚОР
4	Куралбаева Ғалия	Магистр	Педагог-зерттеуші	2021, Өрлеу 2023, ПШО
5	Тохтаганова Таншолпан Құлдыбаевна	Магистр	Педагог-модератор	2022, Өрлеу 2023, ПШО
6	Исмаилова Айнур Жалғасовна	Жоғары	Педагог-сарапшы	2023, ПШО
7	Араджды Четин	Жоғары	Санатсыз	2021, БИЛ 2023, ПШО
8	Калихан Ескендір	Жоғары	Санатсыз	2021, Өрлеу

9	Жұртшыбаева Маржан Самбетбайқызы	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ЦПМ 2023 ҚОР
10	Есім Айтолқын Әсілханқызы	Жоғары	Педагог-сарапшы	2021, ЦПМ; 2023 ҚОР
11	Буланова Амангуль Кайсаровна	Жоғары	Педагог	2021, ЦПМ; 2023 ҚОР
12	Сарсекенова Роза Мазломовна	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ЦПМ
13	Досымбаева Гулбаршын Дүйсенбаевна	Жоғары	Педагог-зерттеуші	2021, ЦПМ
14	Салықбаева Гульмира Сидыховна	Жоғары	Педагог-зерттеуші	2020, Өрлеу 2023 ҚОР
15	Чертова Наталья Сергеевна	Арнаулы орта	Педагог-модератор	2019, 2020, Өрлеу 2023 ҚОР
16	Насырова Сайёра Бахтиярқызы	Арнаулы орта	Санатсыз	2022, ЦПМ; 2023 ҚОР
17	Аман Айсана Ақылбекқызы	Жоғары	Педагог	2022, ЦПМ, 2023 ҚОР
18	Қайназарова Нуриля Болатқызы	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ЦПМ, 2023 ҚОР
19	Тастанбеков Ерсұлтан Едгеевич	Арнаулы орта	Санатсыз	2023, ҚОР
20	Есенғалиева Аружан Файзоллақызы	Жоғары	Санатсыз	
21	Қазыбай Әсем Асқарқызы	Жоғары	Санатсыз	2023, ҚОР
22	Точилина Александра Александровна	Жоғары	Педагог	2019
23	Кадырбек Арай	Магистр	Санатсыз	2020, Өрлеу
24	Дилдабекова Инкар Асилбековна	Жоғары	Педагог-сарапшы	2022, 2023, ПШО
25	Бағытова Ляззат Қайратқызы	Жоғары	Санатсыз	2022, ҚОР
26	Мусиева Рысжан	Жоғары	Жоғары	
27	Суынова Анар Талғатқызы	Жоғары	Педагог	2023, ҚОР
28	Дүйсебай Жандос Қалмаханұлы	Жоғары	Санатсыз	
29	Елубаева Айжан Аскаровна	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ПШО
30	Алимжанова Камила Калкамановна	Жоғары	Педагог-сарапшы	2017, ЦПМ
31	Шаймарданова Нургүл Нұрлыбекқызы	Жоғары	Педагог	
32	Қонысбай Сымбат Қонысбайқызы	Жоғары	Педагог	2023, ҚОР
33	Арано Джон Мурфи	Жоғары		
34	Брекеева Айнур Қуанышевна	Жоғары	Санатсыз	
35	Абдиреева Айжан Амангельдиевна	Жоғары	Педагог-сарапшы	2021, ПШО; 2023, ҚОР

36	Ерболатқызы Баян	Жоғары	Педагог	2023, ҚОР
37	Құрманбев Руслан	Жоғары	Педагог	
38	Дуйсеева Назерке Ермекқызы	Жоғары	Педагог-модератор	
39	Атаназаров Сабит Жумабаевич	Жоғары	Педагог-сарапшы	2018, ПШО
40	Egyilmaz Kerem , Nagun	Жоғары	Санатсыз	
41	Оразов Нурсултан Джумабекович	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ЦПМ
42	Кабижан Назерке Канатқызы	Жоғары	Педагог	
43	Абжан Еңлік Өркенқызы	Магистр	Педагог-модератор	2019, Өрлеу; 2023 ҚОР
44	Серікұлы Нұрбек	Магистр	Педагог-зерттеуші	2019, Өрлеу;
45	Заганов Абай Дулатович	Жоғары	Педагог-модератор	
46	Ыбырай Нұрбол Арсланбекұлы	Жоғары	Педагог	
47	Салхаден Райхан Ғалижанқызы	Жоғары	Педагог-модератор	2023, ПШО
48	Chifuniro Michael Geofrey	Жоғары	Санатсыз	
49	Балабек Бағдат Берікұлы	Жоғары	Педагог-модератор	2023, ҚОР
50	Қабдулла Гүларман Мусағалиқызы	Жоғары	Санатсыз	2023, ҚОР
51	Бейсов Раульхан Хамитович	Магистр	Педагог-модератор	2020, Ustaz
52	Дуздыбаева Актоты Базарғалиевна	Жоғары	I санатты	
53	Кисимова Алия Мараловна	Арнаулы орта	Педагог-сарапшы	
54	Аханов Қайрат Канатович	Жоғары	Педагог-модератор	
55	Ибатова Айсұлу Мусақызы	Жоғары	Педагог	
56	Сиражов Бағдат Есенбекұлы	Жоғары	Педагог	
57	Мамырбек Заңғар Шардарбекұлы	Жоғары	Педагог-модератор	
58	Муратов Абди Жанатович	Жоғары	Санатсыз	
59	Талғатова Арманай Талғатқызы	Жоғары	Педагог-модератор	2021, НЗМ
60	Байділла Нұрай Серікбайқызы	Жоғары	Педагог-модератор	2021, ПШО
61	Алмас Абдуллах	Магистр	Санатсыз	2020, СДУ
62	Ерекенова Жанар Қайргалиевна	Жоғары	Санатсыз	

Мектеп-лицей мұғалімдерінің семинар, конференциялар және ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу.

Оқу жылы	Қалалық деңгейде	Облыстық деңгейде	Республикалық деңгейде	Халықаралық деңгейде
2021-2022		2	24	2
2022-2023		1	32	4
2023-2024 (1 тоқсан)		1	17	
Барлығы	0	4	73	6

Республикалық деңгейдегі «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Болашақ Z» ұрпағына оқудағы ең тиімді әдіс-тәсілдердің үрдістерін қолдану» атты семинарға Саяқызы Ж., Рапихова Н.Е., Муратов А.Ж., «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Сингапур математикасы» атты курс Жұртшыбаева М.С., Есім А.Ә., Насырова С.Б., Атырау қаласындағы педагогикалық шеберлік орталығында өткен білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әр пәнді оқытудағы ерекшеліктері туралы біліктілікті арттыру курсынан Салхаден Р.Ғ., Куралбаева Ғ., О., Қабидолла М.Р., Қанен Ә.А., Қабдулла Г.М., Исмаилова А., «Білім берудегі менеджмент» 80 академиялық сағат курсына Бисенкулова А.К., Гусейнов А.А., Есімхан Ө.Ә., Қабидолла М.Р., «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» Райымбаева А.Б. өтті.

2023 жылы 9 қазан мен 20 қазан аралығында Атырау қаласындағы педагогикалық шеберлік орталығында өткен «Білім берудегі менеджмент» 80 академиялық сағат курсына Тор А., Араджы Ч., Тлеуғазыұлы Ш., Тохтаганова Т., Ембаев Д., Исмаилова А., Куралбаева Ғ. өтті.

2021-2022 оқу жылында әдістемелік бірлестік құрамындағы 10 мұғалімнің 9-ы «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» қоры «Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында әр пәнді оқытудағы ерекшеліктер» 10 сағаттық мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатындағы республикалық онлайн семинарға қатысты.

Әдістемелік бірлестіктің өз білімін жетілдіру курстарына қатысып, шеберлігін шыңдағаны-11 ұстаз, «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» қоры «Білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» атты республикалық семинарға қатысты.

Мектеп-лицей педагогтары өз іс-тәжірибелерін әртүрлі деңгейдегі басылымдарда жариялап келеді.

Мектеп-лицей педагогтарының жарияланған материалдары.

Оқу жылы	Қалалық деңгейде	Облыстық деңгейде	Республикалық деңгейде	Халықаралық деңгейде
2021-2022			5	1
2022-2023		1	14	3
2023-2024 (1 тоқсан)				
Барлығы		1	19	4

Оқу жылы	Қалалық деңгей				Облыстық деңгей				Республикалық деңгей				Халықаралық деңгей			
	нәтижелер				нәтижелер				нәтижелер				нәтижелер			
	1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат, сертификаттар	1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат, сертификаттар	1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат, сертификаттар	1 орын	2 орын	3 орын	Алғыс хат, сертификаттар
2021-2022		1	2						1	1	1					
2022-2023		2							1		1					
2023-2024 (1-тоқсан)																

III. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.

Нәтижелері: Атырау қаласындағы «SilkWay мектеп-лицейінің» 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының оқу –тәрбие жұмысының жоспары қаралды.

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және

жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрықпен «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);
- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары(2020 жылғы 24 маусымдағы № 264 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқу жоспары арқылы іске асуда.

№ 1 Педагогикалық кеңесте әр оқу жылында қаралып бекітіліп отыр. «Білім орда» халықаралық қорға қарасты мектептің бірі болғандықтан қордың өзекті

тақырыбын басшылыққа ала отырып «SilkWay мектеп-лицейінің» өзекті тақырыбы қабылданып, мақсат, міндеттері айқындалып отырды.

Мектептің өзекті мәселесі:

«Адами құндылықтарды бойына сіңірген бәсекеге қабілетті жаһандық тұлға қалыптастыру»

2021-2022 оқу жылының тақырыбы:

«Оқушының зияткерлік әлеуетін дамыту арқылы, бәсекеге қабілеттілігін арттыру».

2022-2023 оқу жылының тақырыбы:

«Оқушылардың нарық заманына сай дағдыларын дамыту арқылы, бәсекеге қабілеттілігін арттыру».

2023-2024 оқу жылының тақырыбы:

«Жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мектеп оқушыларының күзiреттілігін білім стандартына сәйкес қалыптастыру»

Мақсаты:

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді қолдану арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және бәсекеге қабілетті сауатты тұлға қалыптастыру.

Мектеп-лицей түлегінің моделі:

ТӘРБИЕЛІ, САНАЛЫ, ЗИЯТКЕР, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ, ТАБЫСТЫ АЗАМАТ.

Мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер:

- әр түрлі сандық , инновациялық әдіс – тәсілдер мен платформаларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру;
- саналы тәрбие мен сапалы білімді меңгертуде қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қастамасыз ету;
- сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін шығармашылық түрде меңгерту;
- оқыту сапасына, оқыту жетістіктерінің деңгейіне, оқушылардың тәрбиесіне талдау жасау;
- үздік, жаңашыл тәжірибемен және оның идеяларын шығармашылықпен пайдалану, менеджменттің қызметтерімен және прогрессивті идеяларымен, инновацияларымен танысу.

Мақсатқа жеткізетін міндеттерді әдістемелік сүйемелдеу арқылы шешу:

- 1) білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу;
- 2) сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін және шығармашылық түрде меңгеру;
- 3) үздік, жаңашыл тәжірибемен және оның идеяларын шығармашылықпен пайдалану, менеджменттің қызметтерімен және прогрессивті идеяларымен, инновацияларымен танысу;

- 4) білім алушылардың ғылыми әлеуетін анықтау үшін (Республикалық, халықаралық олимпиадалар мен конкурстарға қатысу) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және білім беру ұйымының педагогына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу;
- 5) оқыту сапасына, оқыту жетістіктерінің деңгейіне, оқушылардың тәрбиесіне талдау жасау;
- 6) педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау рәсіміне белсенді түрде қатысу;
- 7) әдістемелік және ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының жоспары, мектепшілік бақылау жоспарлары қоса беріліп отыр, сканерленген түрі).

Мектептің ғылыми –әдістемелік жұмыстары

«SilkWay мектеп-лицейінің» алдында тұрған басты мақсат педагог кадрлардың қызметтік міндеттерін нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін жоғары кәсіптік құзыреттілікті қамтамасыз ету.

Бұл мақсатқа жету үшін педагогтарды аттестаттауға дайындау жүйелерін жетілдіру жұмыстары жүргізіледі, кәсіптік құзыреттілік деңгейіне негізделген педагогикалық шеберлікті арттырудың мектепшілік жүйесі құрылған, біліктілік арттырудың түрлі формалары (курстар, Жас мамандар мектебі, тәлімгерлік, пәндік әдістемелік апталықтар) жұмыс істейді. Педагогтардың әдістемелік комиссия жетекшілерінің, әкімшіліктің кәсіптік құзыреттілігін бағалау және талдау механизмі жасалған.

Педагогтардың кәсіби жетістіктері;

- Аудандық шығармашылық топтарының жұмыстарына қатысу;
- Курстық дайындық;
- Әртүрлі деңгейдегі ашық сабақ шебер-сыныптар өткізу;
- Кәсіби шеберлік байқауларына қатысу;
- Әдістемелік, педагогикалық кеңестердің жұмыстарына қатысу;
- Әртүрлі деңгейдегі семинар, конференциялар, ФПК жұмыстарына қатысу;
- Авторлық өнімдер жасау және тарату;
- Өз білімін жетілдіру жұмыстары.

Әдістемелік жұмыс мектеп-лицей жұмыс жүйесін біртұтас етіп байланыстыратын, мұғалімдердің педагогикалық шеберлік деңгейін көтерудің маңызды құралы болып табылады. Әдістемелік жұмыстың рөлі қазіргі заманғы оқыту мен тәрбиенің жаңа әдістері мен түрлерін ұтымды және жедел қолдану қажеттілігіне байланысты айтарлықтай арта түсті.

Педагогикалық ұжым «Білім беруді жаңғырту және бейіндеу жағдайында оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіру» тақырыбымен жұмыс істейді.

Мақсаты:

Функционалдық сауатты, патриоттық және бәсекеге қабілетті оқушыларды қалыптастыруға ықпал ететін оқыту ортасын құру.

Міндеттері:

1. Құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын игеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2. Білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымдардың базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3. Тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмәр салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4. Азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

5. Белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін, тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6. Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, Қазақстан Республикасында тұратын қазақ халқының және басқа да ұлттардың тарихын, салт-дәстүрлерін зерделеу;

7. Ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың білім сапасын көтеру
- Жаңа формат сабақтарды енгізуге көшу;
- Мұғалімдердің көшбасшылық қабілеттерін арттыру;
- Шығармашылықпен жұмыстанатын мұғалімдердің мәртебесін көтеру.

Жұмыс бағыты бойынша әдістемелік жұмыс талдауы.

Әдістемелік жұмысын жоспарлау барысында мектеп-лицейдің алдында мақсаттар мен мәселелерді шешуде шынайы үлес қосатын жұмыс түрлері қарастырылып, жоспарланды.

Әдістемелік жұмыс түрлері:

1. Тақырыптық педагогикалық кеңестер.
2. Әдістемелік кеңес.
3. Мұғалімдердің пәндік және шығармашылық бірлестіктері.
4. Мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары бойынша жұмысы.
5. Ашық сабақтар.
6. Шығармашылық есептер.
7. Пәндік апталар.
8. Семинарлар.
9. Заманауи сабақты ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңестер.
10. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру.
11. Мұғалімге мектеп құжаттамасын жүргізуге, заманауи сабақты ұйымдастыруға, өткізуге және талдауға көмектесетін әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

12.Педагогикалық мониторинг.

13.Біліктілікті арттыру курстық жүйесін ұйымдастыру және бақылау.

Мектепте әдістемелік кеңес жұмыс істейді. Мектептің әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары мектеп-лицейдің әдістемелік тақырыбына және әдістемелік жұмыс міндеттеріне сәйкес жасалады.

Оқу жылдары	Әдістемелік кеңес саны
2021-2022 оқу жылы	6
2022-2023 оқу жылы	6
2023-2024 оқу жылы	6

Әдістемелік кеңестің жұмысындағы басым бағыттар:

- ❖ Оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін және сапасын көтеру үшін жағдай жасау;
- ❖ Мектеп-лицей жағдайында оқушыларды оқыту әдістемесі мен тәсілдерін жетілдіру;
- ❖ Оқушылардың білім, білік және дағдыларының сапасын арттыру, танымдық қызығушылығын арттыру және оқуға мотивациясын арттыру мақсатында жаңа педагогикалық технологияларды оқу және педагогикалық үрдіске енгізу;
- ❖ Білім саласының үздіктерінің тәжірибелерін оқыту және тарату.

Онда пәндік әдістемелік бірлестік апталықтары мен дарынды оқушылармен жұмыс, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, оқушылардың ғылыми жобамен жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстары қарастырылады, шығармашылық топтар жұмыстарының сапасы талданады, сондай-ақ оқушылардың олимпиадаларға, байқауларға қатысуы, ашық сабақтар мен іс-шаралардың талдаулары және нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, оқу жылының қорытындысы жасалады және жаңа оқу жылына міндеттер қабылданады.

Мектепте 6 әдістемелік бірлестік жұмыс істейді: жаратылыстану білім саласы пән бірлестігі, математика-информатика пән бірлестігі, гуманитарлық пәндер бірлестігі, ағылшын тілі пән бірлестігі, бастауыш сынып әдістемелік бірлестігі, шығармашылық пәндер бірлестігі. Әр пән бірлестіктерінің мектептің әдістемелік қызметтің мақсат-міндеттеріне сәйкес жасалған жоспарлары бар. Әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарын талдай келе олардың әр оқушының бейініне, қызығушылығына және мүмкіндіктеріне қарай қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, білім мен тәрбие алуына жұмыс жасайтындығын атап өткен жөн.

«SilkWay мектеп-лицейінде» дәстүрлі түрде пән апталықтары өтіп тұрады. Әр пән бірлестіктері мектеп-лицей педагогтарына, ата-аналарға, «Білім Орда» халықаралық қордың әдіскерлеріне ашық іс-шаралар көрсетеді. Әр жыл сайын осы іс-шаралардың әдістемелік бағыттары анықталады. Апталықтың көрінісі инстаграм парақшасында жарияланып отырады.

Педагогтардың әдістемелік шеберліктерін дамыту мектепшілік және облыстық деңгейдегі семинарлар, коучингтерде жүзеге асып келеді. Семинарларда педагог қызметкерлердің теориялық, дидактикалық, методикалық,

психологиялық дайындықтары аспектісіндегі заманауи білім берудің өзекті мәселелері қаралады. Семинар мақсаттары – мектеп жұмысы мен дамытудың міндеттері, сондай-ақ педагогикалық ұжымның жеке мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес қызметкерлердің біліктілігін арттыру болып табылады.

«SilkWay мектеп-лицейінің» педагогтары өз жұмыстары барысында ІТ құзыреттіліктерін дамытуда және оны кеңінен қолдануда. Мұғалімдердің ІТ құзыреттіліктері қашықтықтан оқыту (онлайн оқу) барысында жақсы деңгейге көтерілді. Олар оқу барысында инновациялық технологияларды қолданады, ІТ құзыреттіліктерін дамытады, нәтижесіне талдау жасап, мониторинг жүргізеді.

Әдістемелік жұмыс педагогтардың курстық дайындық, аттестация, олимпиадалар, байқаулар, семинарлар мен конференциялар, шығармашыл топтар мен мұғалімдердің желілік жұмысымен үздіксіз, тұрақты байланыс жасайтын процесс.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру әдістемелік жұмыстың мазмұны мен сипатын оқу-тәрбие процесінің нәтижелерімен, оқушылардың оқу сапасының өзгеруімен, олардың даму және тәрбие деңгейіндегі өзгерістермен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Әдістемелік жұмыстың басым бағыттары:

1. Мамандардың педагогикалық шеберлігін, кәсіптік біліктілігін үздіксіз көтеріп отыру. Бұл мектеп-лицей оқушыларын оқытудың барлық сатыларында базалық және бағдарламалық материалдарды меңгерудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

2. Болашақ дағдысын қалыптастыру және дамыту құралы ретінде заманауи әдістерді қолдану арқылы оқу үдерісін жетілдіру үшін білім беру стандарттарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және қажетті жағдай туғызу.

3. Дарынды оқушылармен жұмыс және қолдау жүйесін дамыту және жетілдіру.

4. Шығармашылықпен айналысатын педагогтардың озық педагогикалық тәжірибелерін анықтау, жалпылау және тарату бойынша жұмысты жандандыру.

«Жас мамандар мектебінің» жұмысын талдау.

«SilkWay мектеп-лицейінде» 2021-2022,2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарында жас мамандар жұмысқа қабылданды. Олар бастауыш сынып мұғалімдері және пән мұғалімдері. Жас мамандармен тағайындалған тәлімгерлер, директордың оқу –тәрбие ісі жөніндегі және тәрбие ісі бойынша орынбасарлары, психологтар жұмыс істейді.

«Жас мамандар мектебінің» жұмысын талдау.

Мұғалімдер	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Бастауыш сынып	1	3	4
Математика		3	
Физика	1	2	
Екі шет тілі	1	2	4
Қазақ тілі мен әдебиеті	1		
Педагогика және психология		3	2
Дене шынықтыру және спорт	1	3	2
География	1	1	
Биология		1	

**«SilkWay мектеп-лицейінің» жас мамандар туралы мәлімет
2022-2023 оқу жылы**

№	Аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Мамандығы	Бітірген оқу орнының атауы	Қызметке орналасқан жылы
1	Есімхан Өркен	09.02.1992	Математика	Аймақтық әлеуметтік- инновациялық университеті	2020ж
2	Буланова Амангуль	14.08.1982	Бастауыш білім беру деңгейі педагогикасы	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	2020ж
3	Есенғалиева Аружан	09.11.2001	Педагогика и методика начального обучения	Западно Казахстанский университет имени М.Утемисов	2022ж
4	Тастанбеков Ерсұлтан	19.02.2001	Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі	Сулеймен Демирел колледж	2022ж
5	Қабдулла Гүларман	17.12.2000	Физика- Информатика	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	2022ж
6	Абат Айгерим	20.02.1999	Екі шет тілі	Қазақ Ұлттық Қыздар университеті	2022ж
7	Айтқазынова Зарина	01.01.2000	Қазақ тілі мен әдебиеті	КазГЮИУ	2022ж
8	Иярова Ақжанар	21.01.1999	Физика	КазГУ	2021ж

9	Сейткереева Салтанат	11.02.1999	Биология	Торайғыров университеті	2022ж
10	Қабидолла Мирас	24.01.2001	Математика	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	2021ж
11	Муратов Абди	16.08.2000	Педагогика және психология	Халықаралық Тараз Инновациялық институты	2022ж
12	Чифуниро Майкл Джеффри	09.05.1994	Педагогика ғылымы, математика	Малавийский университеті	2021ж
13	Йорукоглу Нурие	03.02.2000	Екі шет тілі	Сулеймен Демирель университеті	2022ж
14	Суюнова Анар	01.06.1995	Руский язык и литература ав школах с нерусским языком обучения	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	2022ж
15	Ибатова Айсұлу	19.02.2001	Дене шынықтыру және спорт	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	2022ж
16	Ермуханова Аида	23.01.2001	Дене шынықтыру және спорт	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	2022ж
17	Рапихова Наргиз	15.05.1998	Психология	Туран универсиеті	2021ж
18	Құмарқан Серік	12.06.1998	Дене шынықтыру және спорт	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	2020ж

Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 сәуірде № 20486 болып тіркелді) сәйкес, орта білім беретін ұйымға алғаш кәсіптік қызметін бастаған педагогқа бір оқу жылы мерзіміне тәлімгер тағайындалады. Тәлімгерлер кандидаты әдістемелік кеңес отырысында қаралып, мектеп-лицей директоры қол қойған бұйрық бойынша бекітілді. Әр жас маманға бір тәлімгер бекітілді. Тәлімгерлік жұмысты ұйымдастыру бойынша жұмысты 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі М.Адилбеков жүргізді. 2023-2024 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі І.Дильдабекова бекітілді.

Әр тәлімгер бір оқу жылы көлемінде кәсіптік дамыту және психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша тәлімгерлік жоспарын құрды және сол бойынша жұмыс істеп жатыр. Жас маманмен жекелей жұмыстар жүргізіледі және айына бір рет барлық жас мамандармен кездесу өткізіледі.

Оқу жылы барысында жас мамандар өз кәсіби деңгейін көтеру, тәртібі, практикалық дағдыларды меңгеруі бойынша үнемі жұмыс жасап отырады. Өз тәжірибесінде жұмыс істеудің тиімді түрлері мен әдістерін меңгереді және жүзеге асырады; қызметтік міндеттерін атқаруда тәлімгердің ұсыныстарын басшылыққа алады; пән апталықтары кезінде тәлімгердің және тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысады; олардың талдауларына қатысады; өз жұмысын пән бірлестіктерінің отырыстарында ұсынады; ұжымның қоғамдық жұмыстарына белсене араласады.

2022-2023 оқу жылы барысында жұмысқа 18 жас маман келді. «Педагог статусы туралы» ҚР 2019 жылғы 27 желтоқсандағы заңына сәйкес, жас мамандарға «педагог-зерттеуші» санаты бар, педагогикалық үлкен тәжірибесі бар мұғалімдер, өз салалары бойынша «педагог-сарапшы» санаты бар бірлестік жетекшілері, пән мұғалімдері тәлімгер болып бекітілді.

Тәлімгерлер 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасап, ондағы жұмыс түрлерін және өту уақытын белгіледі. Күнтізбелік-тақырыптық, қысқа мерзімді жоспарларды жасаудың бірлескен жұмысы, өз білімін жетілдіру тақырыбы, тәрбие жұмыстарын жүргізу жоспары, дарынды оқушымен жұмыс жоспары, өзара сабаққа қатысу кестесі жасалды. Осы уақытқа дейін тәлімгерлер сабақты жоспарлау бойынша, қалыптастырушы бағалауды қолдану, көрнекіліктер, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша көмек беруде. Тәлімгерлер жас мамандармен жұмыс бойынша барлық құжаттарды жүргізіп отыр, жұмыс қорытындысы әдістемелік кеңесте тыңдалуы жоспарлануда.

- 2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

Нәтижелері: «SilkWay мектеп-лицейінің» оқу пәндерінің тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компоненттерінің көлемін айқындайтын Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспары негізінде білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары құрылған.



2021-2022 оқу
жоспары, 1 қыркүйе

Сонымен қатар «Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімі» ММ басшысы Ф.Г.Шангереевамен келісіліп, мектеп-лицей директоры Али Тормен бекітілді.

«SilkWay мектеп-лицейі» мекемесінің оқу жоспары:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық);
Міндеттері:

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды
- Білім беру ұйымында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2021-2022 оқу жылына арналған жоспарда тәрбие саласы бойынша біршама жұмыстар атқарылды.

Онда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, қалалық білім департаменті, аудандық білім бөлімінің нұсқаулары, еңбек

заңдылықтары мен нормативтік құқықтық актілері, мектеп ережесі мен жарғысы басшылыққа алынды.

Жыл басында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау.

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында қоғам өміріндегі маңызды мәселелер жөнінде азаматтық позициясын қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру мақсатында іс-шаралар жоспарланып, жыл бойы жүзеге асырылды.

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне арналған мектепте «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында 1 және 11 сынып оқушыларына салтанатты жиын арналып өткізілді. Оқу жылында санитарлық талаптарға сай, 1 және 11 сынып оқушылары мектеп табалдырығын аттады. Мерекелік салтанатты жиын сағат 09.00-де басталды. Жиынымыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Мектеп директоры Тор Али мырза құттықтау сөз сөйлеп, бүлдіршіндерді бүгінгі мерекелерімен құттықтап, жиын қонақтарымен бірге 1 сынып оқушыларына Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы Ахмет Байтұрсынұлының тұңғыш «Әліппе» оқулығын тапсырды. Директордың оқу және тәрбие жөніндегі орынбасарлары мектеп оқушыларын, ата-аналарды және ұстаздарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап жылы лебіздерін білдірді. 2-11 сыныптарда «Тәуелсіздік-басты құндылығымыз» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында сынып жетекшілері Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл аясында тәуелсіздік жылдарындағы маңызды оқиғаларға шолу жасап, Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең екенін, Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан күдіретті сөз екенін айтып өтті.

Рухани адамгершілік эстетикалық тәрбие бағытында

Алдымыздағы бүлдіршіндердің ел намысын қорғар азамат, жеке дара тұлға болып қалыптасуы тікелей бізге яғни педагогтарға байланысты екені анық. Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту бағытында арнайы тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. рухани-адамгершілік және этика – эстетикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында:

Ұстаз – әлемдегі ең қызықты әрі ең қиын мамандық. Бұл саланы таңдаған әр адамға қырық атанға татырлық жүк қоса беріледі. Сол жауапкершілік жүгін қайыспай көтере білу – міндет.

Төрткүл дүниенің бүгінгі көрінісі, қазіргі ахуалы – ұстаздар еңбегінің нәтижесі. Себебі, Президент мен министр, депутат пен әкім, өнер адамы мен спорт майталманы, кәсіпкер мен құрылысшы, дәрігер мен мұғалім – барлығы да ұстаздың тәлім тәрбиесін алған жандар. Балабақшада, мектеп пен университет қабырғасында ұстаздар сусындатқан білімнің арқасында әрқайсысы жетістікке жетіп, еліміздің дамуына өз үлесін қосуда. Тарыдай болып келген бүлдіршіндердің қолына қалам ұстатып, әріп жазу мен есеп –қисаптың қыр сырын үйретіп, он бір жыл бойы оқытып, таудай азаматтарды алтын ұядан ұшырататын ұстаздардың еңбегі өлшеусіз. Бұл ретте шәкірттерге білім беруші адам қоғамға бірінші кезекте азаматты, содан кейін ғана белгілі бір кәсіп иесін сыйлайды.

Осынау Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстаз – ұлы қызмет» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында кішкентай бүлдіршіндер ұстаздарға арналған өлең шумақтарын айтып, би билеп, ән шырқап өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар 5-11 сынып оқушылары ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтап жылы лебіздерін білдірді.



Ұлттық тәрбие аясында құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында Наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, әз - Наурыз» атты концерт болды.



Мектеп жұмысының негізгі бағыттарының бірі - **Отбасылық тәрбие**. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу», «Педконсилиум» сияқты түрлі форматта өткізіледі. Оқушыларға тәлім беруде білім сапасын жақсарту жолында,

мектеп, ата-ана және оқушы үштік одақ болып жұмыла белсенділік танытса, оң нәтижеге қол жеткізу аса қиынға соқпайды. Осы үштік одақты берік ұстау мақсатында мектебімізде наурыз айында әкелермен бірлесе отырып аналарға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Сонымен қатар 9-10 сынып оқушылары мектебіміздің аналарымен бірлесе отырып «7 мамыр-отан қорғаушылар күніне» орай әкелерді құттықтады.



Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Білім беру ұйымдарында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау жұмысы мектеп түлектерінің болашақ мамандығын таңдауға арналған тиімді шаралардың бірі болып табылады. Осы бағытта 10-11 сынып оқушылары арасында «Мамандық қалай дұрыс таңдалады?» тақырыбында мамандыққа бағыт-бағдар беруші маман Кабидолла М. семинар тренинг өтті. Жыл көлемінде мамандыққа байланысты университеттерден мамандар келіп тренингтер жүргізді.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Назарбаев Н., Құмарқанов С., Аханов К. спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, «Достық спартакиадасын», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды.





Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру мақсатында іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстар атқарылды. Көркем эстетикалық тәрбие беру бағыты бойынша «Жаңа жыл», «Бірлік пен ынтымақтың мерекесі», «8 наурыз» ұйымдастырылды.



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында жыл ішінде түрлі пән апталықтарында Ойлан, ізде, тап! квест, «Білімді ұрпақ», «Кім білгір?», «Сөздік қорыңды тексер!», «Әнді тауып ал» тақырыбында танымдық зияткерлік ойындар өткізілді.



Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Кітап – біздің досымыз» атты тәрбие сағаттары жасалды. Тәрбие сағаттардың негізгі бағыты өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

Кітаптарды электронды форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін, балаларға әдебиетті таңдауда дұрыс бағдар алуына көмектесетін, кітап оқуға құмар балалар санын арттыратын жаңа электронды ресурстарды пайдалануға болады. Мектепте және отбасында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылды.

2021 жылдың сәуір айы – жомарттық айы болғандықтан, орта буынғы сыныптармен әңгіме өткізілді. Мейірім мен кішіпейілділік дәріптелген бұл айда, оқушыларға бейнежазбалар көрсетіліп, әркезде айналаңа шуақ шарып жүрудің маңызды екені айтылды. Оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Сонымен қатар мектебіміздің «**Өзін-өзі басқару**» ұйымының мүшелерімен кітапханада кездесу өтіп, олардың алда атқаратын жұмыстарына бағыт-бағдар көрсетілді.

Мектепте өтетін құндылықтар айлығына үзбей атсалысып тұрылды. Адами құндылықтар туралы бірнеше видео немесе материалдар топтамасы интернет желісі арқылы іріктеліп оқушылар мен мұғалімдер назарына ұсынылып жатады. Әр айдың құндылығына сай тәрбие сағаттары жүргізілді.

2022-2023 жылындағы тәрбие жұмысының қорытындысы

Тәрбие мақсаты: Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, рухани жаңғыру бағыттарында қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, салауатты өмір сүру дағдысын ұстанған елжанды – зиялы тұлға дайындау.

ҚР БҒМ-нің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығым ен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, 8 бағыты және құндылықтар бойынша тәрбие жұмысы іске асырылды.

- Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
- Рухани-танымдық тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы»

әдістемелік нұсқау хаты (құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде жобалар бойынша тәрбие жұмыстарын ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі құндылықтарды айларға жоспарладық:

2022-2023 оқу жылының құндылықтары:		
1. Қыркүйек Ынтымақтастық	4. Желтоқсан Патриотизм	7. Наурыз Ұлттық құндылықтар
2. Қазан Құрмет	5. Қаңтар Адалдық	8. Сәуір Тазалық
3. Қараша Кемелдену	6. Ақпан Жауапкершілік	9. Мамыр Бағылдық

Тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына және құндылықтар бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылып, төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

«Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу және құқықтық тәрбие» білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастырады. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие бағыты бойынша Білім күніне арналған алғашқы сабақ «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында өткізілді.

1 қыркүйек күні Білім күніне арналған «Сәлем саған сүйікті, алтын ұя мектебім» салтанатты жиыны өткізілді. Жиынның мақсаты жаңа 2022-2023 оқу жылының басталуында ұстаздар мен оқушылардың бойында жақсы көңіл-күй, оң көз-қарас қалыптастыру. Білім алушылардың оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыруға ат салысатын сынып жетекшілерімен және сынып бөлмелерімен таныстыру.



Құқықтық білім беруде заңсыз мінез-құлық үшін жауапкершілігі, «буллинг», «кибербуллинг», психикалық денсаулықтың, репродуктивті денсаулық тақырыбында сынып сағаттары, «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігі, құқықтық сағаттар, «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» дөңгелек үстел, "Барлық адамдар әртүрлі, бірақ құқықтары бірдей» бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары ұйымдастырылды.

Лицейімізде 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік туы желбіре» атты мерекелік концерт өткізілді. Концертке лицейіміздің өнерлі оқушылары ат салысып, көрермендерге патриоттық көңіл күй сыйлай білді.



Рухани-адамгершілік тәрбие—адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, эмпатия, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Рухани адамгершілік тәрбие бағытында «Қарттарымызды қошеметтейміз!» құттықтаулар, «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!» мерекелік кеш, «Адамзаттың ұлы ұстаздары», Халықаралық қыздар күніне арналған және «Жалпыадамзаттық құндылықтар» күніне орай іс-шаралар ұйымдастырылды.

7-11 сынып белсенді ата-аналары жауапкершілік, мейірімділік, ынтымақтастық құндылықтары жайлы өз тәжірибесімен бөлісіп оқушыларға жоспар бойынша тәрбие сағаттарын өтті. Сонымен қатар мектебімізде оқушылар мен ұстаздар арасында кітап оқу сағаттары болды. Мектебімізде адамгершілік қасиеттерді дамыту және үйрету

мақсатында кітапханашы ұйымдастырумен құндылықтарға байланысты кітап оқу жарыстары ұйымдастырылды.

Қайырымдылық — халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Шын мұқтажға жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу — әрбір адамның азаматтық парызы. Мектебімізде 1-11 сыныптардың қатысуымен «Қайырымдылық жәрмеңкесі» өтіп, соның нәтижесінде жиналған қаражат Түркия елінде жер сілкінісінен зардап шеккен адамдардың отбасына жіберілді.

Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы арқылы іске асырылды. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында тәрбие сағаттары өткізілді. Наурыз мерекесіне орай «Өз Наурыз» бағдарламасы аясында 1-10сынып оқушылары арасында салт-дәстүрлер байқауы өткізілді. Наурыз мейрамында әр сынып халқымыздың белгілі бір салт-дәстүрін жандандыру мақсатында қойылым қойды. Жарыс нәтижесі бойынша номинациялар берілді. Наурыз мейрамын атап өту үшін 500 ата-ана және оқушыларымыз қатысты.

Лицейімізде 22 наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекеге барлық сынып ата-аналары ат салысып, халқымыздың салт-дәстүрлерін көрсетті.



Лицейімізде тіл мерекесіне орай «Тілдер ынтымақтастығы» атты шығармашылық кеш өткізілді. Әрбір сынып өздеріне берілген тапсырмаларды қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде орындап, әдемі кеш сыйлады.



Мектеп жұмысының негізгі бағыттарының бірі - **Отбасылық тәрбие**. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу», «Педконсилиум» сияқты түрлі форматта өткізіледі. Оқушыларға тәлім беруде білім сапасын жақсарту жолында,

мектеп, ата-ана және оқушы үштік одақ болып жұмыла белсенділік танытса, оң нәтижеге қол жеткізу аса қиынға соқпайды. Осы үштік одақты берік ұстау мақсатында мектебімізде наурыз айында әкелермен бірлесе отырып аналарға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Сонымен қатар 9-10 сынып оқушылары мектебіміздің аналарымен бірлесе отырып «7 мамыр-отан қорғаушылар күніне» орай әкелерді құттықтады. Қараша айында достық спартакиадасы ұйымдастырылды. Ата-аналар арасында ұйымдастырылған спорттық сайыс волейбол, үстел теннисі және шахмат ойындарын қамтыды. Шара соңында шымыр, шапшаң, зияткерлігімен көзге түскен ата-аналар марапатталды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. «Қоршаған орта тазалығы» жобасы шеңберінде «Құстарға жылы ұя сыйлайық» тәрбие сағаты, «Мұндай мамандықтар бар» презентациялар байқауы болды. «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы сынып жетекшілер мен тәрбиешілер экологиялық сынып сағаттарын, Q.Team өзін-өзі басқару «Қоқысты сұрыптап жинау» науқанын өткізді. Сынып жетекшілер «Туған жердің – асыл қазынасы», «Қоршаған ортаны аялайық тәрбие сағаттарын өткізді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағытты іске асырудың негізгі өткізілген іс-шаралар: Музейлерге, театрға экскурсиялар, «Қош келдің, Жаңа Жыл-2023!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту» челленджі өткізілді.

Лицейімізде 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «**Ана - Көктем**» атты мерекелік концерт өткізілді. Концертке лицейіміздің өнерлі оқушылары ат салысып, көрермендерге тамаша көңіл күй сыйлай білді.





Лицейімізде 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Қазақстан-достық пен татулық мекені» атты фестиваль өткізілді. Фестивальде әр сынып өздеріне берілген ұлттардың өнерлерін көрсетті. Қорытындылай келе сыныптар номинациялармен марапатталды.



Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады. Мектебімізде зияткерлік тәрбие құндылығына орай «Brain Rain» секілді білімділер додасы ұйымдастырылды.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Аханов К., Ибатова А., Ермуханова А. спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, 7 сәуір – Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін, «Толағай», «Ұлттық ойын-асыл мұрамыз» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер «Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау!», «Жеке бас гигиенасы» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді.



Мектебіміз құндылықтарға негізделген мектеп болған соң, адам бойына адами құндылықтарды құя алатын әдебиеттерді сатып алумен шектелмей, **бала тәрбиесіне, өзін-өзі жетілдіруге** негізделген шетелдік және қазақстандық авторлардың кітаптары да қалыс қалмады.

Тәрбие жұмыстарының жоспарларын тексеру
2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмыстарының жоспарларын тексеру 2 рет жүргізілді. Ол әр жарты жылдықта 1 рет міндетті жүргізіліп отырады.

Сабаққа және сыныптан тыс іс-шараларға қатысу

2021-2022 оқу жылында 86 сабаққа және сыныптан тыс іс-шараларға қатыстым, жоспарға сәйкес бақылау жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 71 сабақ, 26 сыныптан тыс іс-шараларға қатысылды, жоспарға сәйкес бақылау жүргізілді.

Үйлерін аралау

2021-2022 оқу жылында 2 аптада бір оқушылардың үйіне барып отырды. Ата-аналармен оқушы арасындағы және мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатымен. Өте жылы атмосфера орынықты.

Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру

Жыл көлемінде оқушылардың сабаққа қатысуы тұрақты. Себепсіз сабақ босатқан оқушылар тіркелген жоқ.

Ыстық тамақ және балаларға медициналық қызмет көрсетуді бақылау

Жеке меншік мектеп болғандықтан мектепте үш уақыт ыстық тамақ қамтылды. Сапасы санпиннің талаптарына сай. Меню бойынша ас мәзірі тексеріліп, тамақтың сапасы мен құрамы қадағалануда.

Ерекше қадағалауды қажет ететін оқушыларды бақылау, есепке алу

Жыл көлемінде ерекше қадағалауды қажет ететін оқушылар үнемі бақылауда болады. Жыл көлемінде 4 рет, яғни тоқсан сайын құрамы жаңаланып, тізімі жаңарып отырады. Әр оқушыға арнайы жетекші тағайындалып, спорттық үйірмелерге тартылған.

Оқу жылы ағымында сынып жетекшілердің құқық бұзушылықтың алдын алу және ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың тәсілдеріне басты назар аударылған. Осы сұрақтар бойынша жаднама, әрекет ету алгоритмі өңделген.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының нәтижесі

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жанжақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды
7. Білім беру ұйымында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2023-2024 оқу жылына арналған жоспарда тәрбие саласы бойынша біршама жұмыстар атқарылды.

Онда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, облыстық білім департаменті, аудандық білім бөлімінің нұсқаулары, еңбек заңдылықтары мен нормативтік құқықтық актілері, мектеп ережесі мен жарғысы басшылыққа алынды.

Жыл басында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау.

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық
- тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбие
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында қоғам өміріндегі маңызды мәселелер жөнінде азаматтық позициясын қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру мақсатында іс-шаралар жоспарланып, жыл бойы жүзеге асырылды. 01.09.2023 күні «Білім – өмір шырағы» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараға 1-11 сыныптар және мектеп әкімшілігі мен ұстаздары толықтай қатысты. Іс-шара бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Ту шығару рәсімінен кейін 1-сынып оқушылары қатарға қосылды. Директор мен ата-аналардың құттықтау сөздерінен кейін жоғарғы сынып оқушылары өз өнерлерін

көрсетті. Іс шара 11 сынып оқушыларының құттықтау сөзінен кейін алғашқы қоңырау соғылуымен аяқталды.



Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша мектебіміздің 1-4 сынып аралығындағы оқушылардың ата-анарымен бірлескен отбасылық спартакиада ойындары жүргізілді. Сайыстың негізгі мақсаты салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақыттарында спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара достық қарым-қатынасты нығайту. Жеңімпаз отбасын медальдармен марапаттады.



Адамгершілік эстетикалық тәрбие бағытында

Алдымыздағы бүлдіршіндердің ел намысын қорғар азамат, жеке дара тұлға болып қалыптасуы тікелей бізге яғни педагогтарға байланысты екені анық. Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту бағытында арнайы тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. рухани-адамгершілік және этика – эстетикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында:

«Үлкенге құрмет, кішіге ізет», «Сыйласаң сыйымды боларсың» атты тәрбие сағаттарын 1-11 сынып жетекшілері өткізді.

Ұстаз – жауапкершілік жүгін қайыспай көтере білген ең қиын мамандық.

Төрткүл дүниенің бүгінгі көрінісі, қазіргі ахуалы – ұстаздар еңбегінің нәтижесі. Себебі, Президент мен министр, депутат пен әкім, өнер адамы мен спорт майталманы, кәсіпкер мен құрылысшы, дәрігер мен мұғалім – барлығы да ұстаздың тәлім тәрбиесін алған жандар. Балабақшада, мектеп пен университет

қабырғасында ұстаздар сусындатқан білімнің арқасында әрқайсысы жетістікке жетіп, еліміздің дамуына өз үлесін қосуда. Тарыдай болып келген бүлдіршіндердің қолына қалам ұстатып, әріп жазу мен есеп –қисаптың қыр сырын үйретіп, он бір жыл бойы оқытып, таудай азаматтарды алтын ұядан ұшыратын ұстаздардың еңбегі өлшеусіз. Бұл ретте шәкірттерге білім беруші адам қоғамға бірінші кезекте азаматты, содан кейін ғана белгілі бір кәсіп иесін сыйлайды. Осынау Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстаз – ұлы қызмет» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында кішкентай бүлдіршіндер ұстаздарға арналған өлең шумақтарын айтып, би билеп, ән шырқап өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар 5-11 сынып оқушылары ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтап жылы лебіздерін білдірді. Мектеп директоры ұстаздарды алғыс хатпен марапаттады.

5) 2021-2022 оқу жылында психологиялық қызметі 4 бағытта атқарылды:

- 1.Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.
2. Психодиагностикалық бағыт.
3. Консультациялық бағыт
4. Ағартушылық-профилактикалық бағыт.
5. Түзету-дамытушылық бағыт.

1. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды:

Психологиялық қызмет жүйесінде мектеп психологының іс- құжаттарының номенклатурасын ағымды рәсімдеу.

Әдістемелік материалдарды жинақтау.

-Психологиялық түзету-дамыту сабақтарын жоспарлау, тренингтер әзірлеу және жаднамалар даярлау.

-Облыстық білім басқармасы және жоғары оқу орындарының психология кафедраларымен және психологтар қауымдастықтармен байланысты қолдау.

-Облыстық, республикалық семинарлар мен конференцияларға қатысу

-Кәсіптік құзыреттілікті және біліктілікті арттыруда оқыту курстарына қатысу

-Психологиялық қызметтің жұмыс түрлерін есепке алуда тіркеу журналдарын (топтық, кеңес беру және сұраныс беру) толтыру.

-Психологиялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындысын жазу және мониторингін жасау.

-Сабақтарға қатысу, психологиялық талдау жасау.

-Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы аясында бала тәрбиелеуде ата-ананың рөлін арттыру.

2. Психодиагностикалық жұмыстар бойынша келесі әдістемелер өткізілді:

Мақсаты: Оқушылардың тұлғааралық өзара қарым-қатынасын, қабілеті мен қызығушылығын және психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, кешенді психологиялық тексеру.

- «Жануарлар мектебі» бейімделу тесті
- «Жаңбыр астындағы адам»
- «Айзенк» темперамент анықтау тесті
- «Социометрия» анкетасы
- Мазасыздық деңгейін анықтау тесті
- Оқушыда қобалжу мен мазасыздануға зерттеу жүргізу
- «Жануарлар отбасы» проективті тесті
- Оқушылардың дінге көз-қарасын анықтау анонимді сауалнамасы
- Стресс деңгейін анықтау сауалнамасы

3.Консультациялық бағыт бойынша оқушылар, ата-аналар, ұжым мүшелерімен келесідей жұмыстар жүргізілді:

Жеке кездесулер			
Сыныптар	Оқушы	Ата-ана	Ұжым мүшелері
1-4	185	70	38
5-11	176	112	65

4. Профилактика-психологиялық ағарту бойынша воркшоп, тренингтер өткізілді:

- Тренинг «Қарым-қатынас жарастығы» 1-6 сынып
- Тренинг «Ренішті қалай кешіруге болады?» 7-11 сынып
- Тренинг «Сенімділікті қалыптастыру» 1-5 сынып
- Тренинг «Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік» 6-11 сынып
- Қыздарға арналған қырық кеңес. 6-9 сынып
- Тренинг «Өзіңді таны, өзіңді бағала» 1-5 сынып
- Тренинг «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» 6-11 сынып
- Психологиялық апталық «Өзіңді психологпен бірге таны» 1-11 сынып
- Тренинг «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі» 6-11 сынып

5.Түзете-дамытушылық бағыттар.

Мақсаты: Оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

1-сынып оқушыларына жаңа ортаға бейімделуіне байланысты түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Бейімделуінде қиындық туындаған оқушыға жаттығулар арқылы психологиялық қолдау көрсетілді.

Оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігіне байланысты психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасалды.

Мазасызданудан арылту мақсатында жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізілді.

Бұл жұмыстар жеке қажетті оқушы топтармен жасалды.

Педагогикалық ұжымға 03.11.2021 жылы Кәсіби күйіп кету синдромын алдын алу диагностикасы өтті. Мақсаты: Мұғалімдерді «эмоционалды күйіп кету» құбылыстарымен таныстыру және осы факторларға төтеп беру әдістерін табу. Мұғалімдермен сергіту сәтінен бастап, теориялық және практикалық бөлім өткізілді.

«Өзінді психологпен бірге таны» атты психологиялық апталық іс-шаралар бойынша есеп. Мерзімі: 16.11.2021 – 20.11.2021 ж. Қатысқандар: Мектеп оқушылары және ұстаздар қауымы

Акция «Позитивті оракул»

Мақсаты: Оқушыларға күнінің жақсы өтуіне мотивация беру

Орындалу: Студенттер қалаған сұрағын қойып, қорапшадан жауабын алады. Екінші кезекте бүгінгі күніне қатысты жауаптар алады.



Акция «Көңіл күй»

Мақсаты: Колледж студенттері мен ұжымының бір күндік көңіл күйін анықтау

Орындалуы: Тақтаға студент немесе мұғалім келіп қалаған смайликті жабыстыра алады.



Акция «Құпия дос»

Мақсаты: Колледж студенттері мен ұжым арасындағы қарым-қатынас жақсарту мен мейірімділік тарату.

Орындалуы: Барлығы анонимді түрде таңдаған адамына аты-жөнін көрсетіп хат жазады. Күн аяқталғанда хатты егелеріне таратып беріледі.



«Релаксация» мұғалімдерге тренинг

Мақсаты: Эмоционалды күйіп кетудің алдын алу мақсатында ұстаздарымызға сергіту тренингі ұйымдастыру

Барысы:

Танысу

Стресске қарсы жаттығулар жасау

Нейро графика бойынша суреттер салу



Акция “Психологқа сұрақ қойыңыз”

Мақсаты: Студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарын анонимді түрде қоюға мүмкіндік жасау

Орындалуы: Студенттер сұрақтарды анонимді түрде жазып, қорапшаға салуы қажет. Жауабы инстаграмда сторис ретінде жауап шығады



Арт-терапия

Мақсаты: Армандау мен мақсат қою


Орындалуы: Балшық терапия мен изотерапия арқылы өз-өзімен жүздесу арқылы армандап, мақсаттар қою



Акция “Айтылмаған ойыңмен бөліс”

Мақсаты: студенттердің ата-анасына немесе ұстаздарына айта алмаған ойларын анонимді түрде жазып, ішіндегі ренішін жіберу

Орындалуы: Ойларын анонимді түрде қорапшаға салуы керек. Күн біткен соң инстаграм стористе жазуларды оқу



2022-2023 оқу жылында психологиялық қызметі 5 бағытта атқарылды:

1. Психодиагностикалық бағыттар.
2. Консультациялық бағыттар.
3. Профилактика-психологиялық ағарту бойынша бағыттар.
4. Түзете-дамытушылық бағыттар.
5. Ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар.

Психологиялық қызмет сонымен қатар халықаралық коучинг және психологтарды қолдау орталығы «Wisefull» орталығымен бірлесе жұмыстар атқарды.

1. Психодиагностикалық жұмыстар бойынша келесі әдістемелер өткізілді:

Қабылдау каналдары ;
 Тұлға типтері;
 Бейімделуге чек-лист;
 «Менің отбасым» проективті тесті;
 Социометрия;
 Құндылықтарды анықтау;
 Баланың оқу дағдыларын анықтау;
 Бірнеше интеллект тесті;
 EQ тест;
 Зейінді анықтау;
 Емтиханға дайындық деңгейі;
 Мотивация;
 Мамандыққа бейімділік профориентациялық тесттер.
 Тесттер нәтижесі Wisefull платформасында жарияланды.

2.Консультациялық бағыт бойынша оқушылар, ата-аналар, ұжым мүшелерімен келесідей жұмыстар жүргізілді:

Жеке кездесулер			
Сыныптар	Оқушы	Ата-ана	Ұжым мүшелері
1-4	193	55	43
5-11	161	109	84

3. Профилактика-психологиялық ағарту бойынша воркшоп, активити өткізілді:

- «Мен бірінші сыныпқа қадам бастым» 1 сыныптардың мектепке бейімделуі.
- «Мен қарым-қатынас жасай аламын»
- Мен өзімді қабылдаймын
- Ассертивтілік
- Мен уақытпен емес,ақылмен оқимын
- Мен осы сәтте осында және қазір өмір сүрудемін
- Мен эмоционалды тұрақты тұлға болғым келеді
- Креативті ойлау шеберханасы
- "DIGITAL INTELLIGENCE – менің цифрлық әлемім.

4.Түзете-дамытушылық бағыттар.

9-11 сынып емтихандарына психологиялық дайындық бойынша: Профориентациялық тесттер өткізіліп күмән мен күдікті сейілтіп, қолдау жұмыстары жүргізілді. Жалқаулық, мотивацияны көтеруге бағытталған жаттығулар, емтихан алаңдаушылығын алдын-алу бойынша сабақтар жүргізілді. Қатыгез қарым-қатынастың алдын-алу, селфхарм сабақтары жоғарғы сыныптарда белсенді жүрді. GPO мінез-құлқында мәселесі бар оқушыларды анықтау үшін Wisefull платформасында тест жасалып, бақылауға алынды.

5.Ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар.

Психолог мамандардың жеке дамуы белсенді жүрді. «Wisefull» орталығымен апта сайын 2 академиялық сағат оқу жылы ағымында 32 апта 64 сағат оқыту бағдарламасы жүрді. Біл психологтарының оқыту бағдарламасы бойынша оқыту шеберлік сағаты 2 апта сайын 2 академиялық сағат оқу жылы ағымында 32 апта 32 сағат өтті.

2022 жыл 17-18 қазан күндері педагог-психолог мамандарына арналған «Балалардың үйлесімді даму жолындағы инновациялық аспектілер» тақырыбында өткізілген республикалық психологиялық семинарда мектеп психологтары білімдерін жетілдірді.

Ата-аналарымызға 2022-2023 оқу жылында 2 үлкен семинар-форум болып өтті.

11.11.2022 жылы «Мен және менің балам» атты ата-аналарға арналған семинары болып өтті. Семинардың мақсаты: Ата-ана және бала байланысын арттыру, отбасындағы тәрбиенің ролін жеткізу. Семинарда 2 тақырып қамтылды және 1 кофе-брейк болды.

1 тақырып – Балалармен және жасөспірімдермен тиімді қарым-қатынас.

2 тақырып – Ана мен бала қарым-қатынасының ерекшеліктері қонағымыз – Ая Нұрдаулетқызы. Қатысушы саны – 75 болды (1-11 сынып арасында).

18.02.2023 жылы «Баланың бас ұстазы- ата-ана» атты ата-аналарға арналған форум өтті. Форумға Атырау ұл лицейі, Атырау қыз лицейі және қонағымыз қатысты. Мақсаты: Ата-ана болудағы жауапкершіліктің маңызымен бөлісу. Заманауи жасөспірімдердің тұлғалық ерекшеліктерін жіктеу және т.б. Форумда келесідей тақырыптар талқыланды:

1.»Воспитание современной молодежи» – Тлеубаев Ришат Тахирович Атырау ұл лицейі.

2. «Саналы ата-ана болу жауапты іс»- Муратов Абди, Рапихова Наргиз, Саяқызы Жанерке «SilkWay» психологтары.

3. «Тұлғаның қалыптасу кезеңдері»- Хасанова Жадыра Қайратовна. Атырау қыздар лицейі.

4. Жанат Жубекешова «Білім-Инновация» қорының психология бірлестігінің бас әдіскері.

Қатысушы саны – 65.

Педагогикалық ұжымға 03.11.2022 жылы «Эмоционалды күйіп-кету синдромы» атты семинар өтті. Мақсаты: Мұғалімдерді «эмоционалды күйіп кету» құбылыстарымен таныстыру және осы факторларға төтеп беру әдістерін табу. Семинарды мектеп психологтары Муратов Абди, Саяқызы Жанерке, Рапихова Наргиз жүргізді. Мұғалімдермен сергіту сәтінен бастап, теориялық және практикалық бөлім өткізілді.

2022 жылдың қыркүйек айында кураторларымызға «Оқушылармен гуманды педагогика әдісімен жұмыс жасау тақырыбында интерактивті сабақ өткізілді.

05.01.2023 жылы «9 ЭМОЦИЯ» атты Арт-терапиялық сабақ өткізілді. Мұғалімдер қуаныш, ашу, таң қалу, ренжу, қорқу, қызығу, махаббат, сенім, қолдау.

«Эмоциялар әлемі» атты 21-25 қараша аралығында Психология апталығы өтті. 7 күн бойы 1-11 сыныптар арасында белсенді ойындар, қызықты шаралар, тапсырмалар берілді. Апталықтың шараларына тоқталсақ:

1. Апталығының ашылу
2. Өзін-өзі дамыту күні. «Рух асқақтығы-адамдықты белгісі»
3. Эмпатия қабілеттерін дамыту күні. «Эмпатия - өзгенің көзімен көру, өзгенің құлағымен тыңдау және өзгенің жүрегімен сезіну»
4. Позитивті ойлау күні.«Адамның жақсысы-адамға сүйіспеншілікпен қарау»
5. Қарым-қатынас жасау күні. «Адамның кереметі-басқалармен тіл табыса білуінде»
6. Апталығының салтанатты жабылуы

Апталықтың соңында белсенді қатысқан сыныптар мен оқушыларға марапаттар берілді.

Психологиялық қызметтің аясында бастауыш сынып оқушыларына «Өзінді таны үйірмесі» ұйымдастырылды. Үйірме аптасына 1 сағат 32 апта 64 сағат жыл бойына өткізілді. Үйірмеде арт-терапия, эмоционалды интеллект, қабылдау арналарын дамыту жаттығулары, креативті ойлау жұмыстары жүргізілді. Қорытынды сабақ ата-ана және бала арасында «Эмоционалды баттл» ретінде өтті. 5 кезеңнен тұратын сайыста 9 топ қатысып, 3 топ жүлделі орын, 6 топ Алғыс хаттармен марапатталды.

ЖШС “SilkWay мектеп-лицейі” психологінің 1-4 сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстарының тоқсандық қорытындысы

2023-2024 оқу жылының тоқсандық жұмыстары педагогикалық-психологиялық қызметте жоспар бойынша атқарылды. Қыркүйек, қазан айында оқушыларға диагностикалар, коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру қызметі қажет етілген уақытта берілді. Ағартушылық-профилактикалық жұмыс айлық жоспар негізінде жүргізілді.

Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыты және мазмұны

Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады.

Психодиагностикалық бағыттар:

- 1) білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында олардың психологиялық диагностикалау;
- 2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;
- 3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;
- 4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

Консультациялық бағыттар:

- 1) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру;

2) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен консультация жүргізу;

3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;

4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

Ағартушылық-профилактикалық бағыттар:

1) білім алушылар мен педагогтардың өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;

2) білім алушылар бейімсіздігінің алдын алу;

3) білім алушылардың бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу;

4) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

Түзету-дамытушылық бағыттар:

1) жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу;

2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;

3) жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзетуді жоспарлау.

Психодиагностикалық жұмыс

Психодиагностика - білім беру үдерісінде назарға алынуы тиіс, мектеп-лицейінің оқушылары іс-әрекеттерінің, мінез-құлқының және психологиялық жағдайының маңызды ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Кез келген психодиагностикалық әрекет тұтас үдерістің элементі болып табылады және басқа элементтермен байланысты, көбінесе профилактикалық және түзету-дамытушы әрекеттерге байланысты мағынасы мен құндылыққа ие болады.

2023-2024 оқу жылындағы бірінші тоқсанда 1-4 сынып оқушылары үшін психологиялық диагностикалар өткізілді, олар: психогеометриялық тест, «Автопортрет» проективті тесті, «Personality Test» (Бұл тест онлайн Wisefull платформасында өткізілді. Оқушылардың нәтижелері электронды түрде берілді.).

Personality Test

Тұлғалық тест –тұлғалық тиімділікті дамыту үшін пайдалана алатын өзін-өзі талдау құралы. Жүргізілген диагностикалардың ішінде ең қажеттісі, әрі нақтылыққа жақын болғаны үшін, кейінгі диагностикалар осы тесттің көмегі арқылы жүретін болғаны үшін осы тесттің нәтижелерін көрсеттік.


Жүргізілген уақыты: 11-22.09.2023 жылы

Сынып: 1 АБС, 2 АБС, 3 АБСД, 4 АБС

Респондент саны: 156 оқушы қатысты.

Personality test (Тұлғалық тест) мінез құлық ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістемесі бойынша жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Анықталған зерттеу нәтижесі бойынша төмендегідей тұлғалық типтері бар екендігі анықталды:

		1 a	1 c	1 б	2 a	2 б	2 c	3a	3 б	3 c
	RED	40%	48%	34%	39%	32%	38%	32%	46%	35%
	YELLOW	35%	26%	26%	25%	18%	19%	21%	18%	30%
	GREEN	5%	13%	23%	14%	27%	29%	32%	18%	9%
	BLUE	20%	13%	17%	21%	23%	14%	16%	18%	26%
		3 д	4 a	4 б	4 c					
	RED	35%	41%	35%	40%					
	YELLOW	35%	26%	25%	27%					
	GREEN	10%	15%	22%	15%					
	BLUE	15%	18%	18%	19%					



Берілген ұсыныстар:

Оқушыларға: мінез құлқына, сөзі мен өз әрекеттеріне баға беруді үйрену, бойына жақсы мінез-құлық үлгілерін жинақтау. Өз бойындағы әлсіз және мықты жақтарын танып, білу. Өзін жақсырақ танып, білуге ұмтылу.

Ата-аналарға: балаға тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді жақсы мінез-құлық үлгісін беру, балаға өзінің іс-әрекетін түсінуді үйрету, тәртіпке, жауапкершілікке, адамгершілік құндылықтарға баулу. Баланы жақсырақ танып, білуге, өз мінезін соған икемдей отырып баласымен жақсырақ өзара әрекеттесу. Баланың әлсіз жақтарымен мықты жақтарын, қызығушылықтары мен ерекшеліктерін танып білуге көмектесу.

Сынып жетекшілеріне: сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие бағытында жұмыстану (мектепшілік тәрбиелік шаралар, тәрбие сағаттары т.б.) және класс ұжымындағы «Red» типіндегі оқушыны сабырлыққа, «Yellow» типіндегі оқушыларды тұрақтылыққа, «Green» типіндегі оқушыларды белсенділікке, «Blue» типіндегі оқушыларды өзіне деген сенімділікке баулу.

Психологиялық кеңес беру

Психологиялық кеңес беру жұмысының бағыты бойынша білім беру процесінің барлық қатысушыларымен жұмыс жүргізілді, яғни: сынып кураторлары, мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналармен жеке кездесулер ұйымдастырылды.

Мектеп психологі жүйелі түрде жеке кеңес беру жүргізді. Оқушылардың жүгінуінің ең жиі себептері жеке мәселелер (құрдастарымен және ата - аналарымен өзара қарым-қатынасы), одан кейін-оқу іс-әрекеті барысындағы жанжалды жағдайлар болды. Өз достарының мәселелері бойынша үндеулер айтылды. Бақылау әдісі бойынша 10 оқушы тіркелді.

2023 оқу жылындағы психологтың жеке кеңес беру жұмысы білім беру процесінің барлық қатысушыларымен 17 жеке кеңес өткізілді.

Қатысқандар	Оқушылар	Ересек контингенті		Жалпы кездесулер
Сынып	1АБС 2АБС 3АБСД 4АБС	Сынып жетекшілер мен мұғалімдер	Ата - аналар	
Кеңес беру	17	7	19	43

Психологиялық ағарту және алдын алу бағыты

Мектеп психологының жұмыс жоспарына сәйкес 2023-2024 оқу жылының 1АБС, 2АБС, 3АБСД, 4АБС сыныбының арасындағы оқушыларға арналған 27 workshop өткізілді.

Workshop мақсаттары - сынып оқушылары арасында психологиялық климат, жағымды және достық қарым-қатынас жасау.

Workshop тақырыптары: «Эмоционалды интеллект», «TEAMWORK», «Топтық жұмыс дағдылары», «Өз өзіне сенім».



Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары.

Жеке кейс бойынша, мектеп психологі 2 оқушымен жұмыс жүргізді. Оқушылардың психологиялық тұрғыдан отбасы қарым-қатынасы, оқу мотивациясы, мазасыздану, гипербелсенділік бағыты жұмыс жасалынды. Эмоционалды интеллект және лидерлік дағдыларды дамыту жұмыстары жүрді.

Жоспарға сәйкес мұғалімдермен “Кәсіби жанып кетудің алдын алу” тақырыбында квест өткізілді. Мақсаты: мектеп ұжымының эмоционалды қажуға, кәсіби қызметтің тиімділігін атртыруға, қызметкерлердің тұлғалық дамуына, өзіне деген сыни қатынастың жағымды жақтарын қалыптастыруға бағытталған.

Сонымен қатар бастауыш сыныптарының тәрбиеші-кураторларына “Я-сообщение” және “Конфиденциальность” тақырыптарында тренинг жүргізілді. Мақсат: Тәрбиешілерге маман ретінде дамуға психологиялық қолдау көрсету.



ЖШС “SilkWay мектеп-лицейі” психологінің 5-11 сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстарының тоқсандық қорытындысы

2023-2024 оқу жылында педагогикалық-психологиялық қызметте жоспар бойынша жұмыс жасалды. Оқушылармен қыркүйек, қазан айлары аралығында коррекциялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру қызметі қажет етілген уақытта берілді. Ағартушылық жұмыс айлық жоспар негізінде жұмыстар жүргізілді.

Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыты және мазмұны

Психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырылады.

Психодиагностикалық бағыттар:

- 1) білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында олардың психологиялық диагностикалау;
- 2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;
- 3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;
- 4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

Консультациялық бағыттар:

- 1) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру;
- 2) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен консультация жүргізу;
- 3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- 4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

Ағартушылық-профилактикалық бағыттар:

- 1) білім алушылар мен педагогтардың өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;
- 2) білім алушылар бейімсіздігінің алдын алу;
- 3) білім алушылардың бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу;
- 4) педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу;
- 5) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

Түзету-дамытушылық бағыттар:

- 1) жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу;
- 2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;
- 3) жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзетуді жоспарлау.

Психодиагностикалық жұмыс

Психодиагностика - білім беру үдерісінде назарға алынуы тиіс, мектеп-лицейінің оқушылары іс-әрекеттерінің, мінез-құлқының және психологиялық жағдайының маңызды ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Кез келген психодиагностикалық әрекет тұтас үдерістің элементі болып табылады және басқа элементтермен байланысты, көбінесе профилактикалық және түзету-дамытушы әрекеттерге байланысты мағынасы мен құндылыққа ие болады.

2023 оқу жылындағы 5-11 сынып оқушылары үшін бес психологиялық диагностика өткізілді, олар: «Personality Test», «Career inventory», «Learning Styles Inventory», «Values Test», «Multiple Intelligence». Барлық тест онлайн Wisefull платформасында өткізілді. Оқушылардың электронды түрде бар.

Personality Test

Тұлғалық тест –тұлғалық тиімділікті дамыту үшін пайдалана алатын өзін-өзі талдау құралы.

Жүргізілген уақыты: 2-12.10.2023 жылы

Сынып: 5 АБС, 6 АБ, 7 АБ, 8 АБ, 9 АБ, 10 А, 11 А

Респондент саны: 190 оқушы қатысты.

Personality test (Тұлғалық тест) мінез құлық ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістемесі бойынша жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Анықталған зерттеу нәтижесі бойынша класта төмендегідей тұлғалық типтері бар екендігі анықталды:

	5 АБС	6 АБ	7АБ	8АБ	9 АБ	10 А	11 Б
RED	35%	41%	55%	50%	31%	40%	32%
YELLOW	35%	26%	15%	4%	37%	27%	18%

GREEN	10%	15%	19%	33%	17%	15%	27%
BLUE	15%	18%	11%	13%	15%	19%	23%

Берілген ұсыныстар:

Оқушыларға: мінез құлқына, сөзі мен өз әрекеттеріне баға беруді үйрену, бойына жақсы мінез-құлық үлгілерін жинақтау. Өз бойындағы әлсіз және мықты жақтарын танып, білу. Өзін жақсырақ танып, білуге ұмтылу.

Ата-аналарға: балаға тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді жақсы мінез-құлық үлгісін беру, балаға өзінің іс-әрекетін түсінуді үйрету, тәртіпке, жауапкершілікке, адамгершілік құндылықтарға баулу. Баланы жақсырақ танып, білуге, өз мінезін соған икемдей отырып баласымен жақсырақ өзара әрекеттесу. Баланың әлсіз жақтарымен мықты жақтарын, қызығушылықтары мен ерекшеліктерін танып білуге көмектесу.

Сынып жетекшілеріне: сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие бағытында жұмыстану (мектепшілік тәрбиелік шаралар, тәрбие сағаттары т.б.) және класс ұжымындағы «Red» типіндегі оқушыны сабырлыққа, «Yellow» типіндегі оқушыларды тұрақтылыққа, «Green» типіндегі оқушыларды белсенділікке, «Blue» типіндегі оқушыларды өзіне деген сенімділікке баулу.

Психологиялық кеңес беру

Психологиялық кеңес беру жұмысының бағыты бойынша білім беру процесінің барлық қатысушыларымен жұмыс жүргізілді, яғни: сынып кураторлары, мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналармен жеке кездесулер ұйымдастырылды.

Мектеп психологі жүйелі түрде жеке кеңес беру жүргізді. Оқушылардың жүгінуінің ең жиі себептері жеке мәселелер (құрдастарымен және ата – аналарымен, өзара қарым-қатынасы), одан кейін-оқу іс-әрекеті барысындағы жанжалды жағдайлар, сондай-ақ жеке өсу мәселелері және оқытудағы қиындықтар болды. Өз достарының мәселелері бойынша үндеулер айтылды.

2023-2024 оқу жылындағы психологтың жеке кеңес беру жұмысы білім беру процесінің барлық қатысушыларымен 25 жеке кеңес өткізілді.

Қатысқандар	Оқушылар	Ересек контингенті		Жалпы кездесулер
		Сынып кураторлар мен мұғалімдер	Ата - аналар	
Сынып	5АБС, 6АБ, 7АБ, 8АБ, 9АБ, 10А, 11А	Сынып кураторлар мен мұғалімдер	Ата - аналар	Жалпы кездесулер
Кеңес беру	54	8	42	104

Психологиялық ағарту және алдын алу бағыты

Мектеп психологының жұмыс жоспарына сәйкес 2023-2024 оқу жылының 5АБС, 6 АБ, 7 АБ, 8 АБ, 9 АБ, 10А, 11А сыныбының арасындағы оқушыларға арналған 77 workshop өткізілді.

Workshop мақсаттары - сынып оқушылары арасында психологиялық климат, жағымды және достық қарым-қатынас жасау.

Workshop тақырыптары: «Эмоционалды интеллект», «TEAMWORK», «Топтық жұмыс дағдылары», «Өз өзіне сенім».



Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары.

Жеке кейс бойынша, мектеп психологі 2 оқушымен жұмыс жүргізілді. Оқушылардың психологиялық тұрғыдан депрессия, отбасы қарым-қатынасы, стресс, оқу мотивациясы, болашақ мамандығы және мазасыздану бағыты жұмыс жасалынды.

Бұл оқушылармен тізімге алынған күннен бастап, мектеп психологы ретінде арнайы жоспар бойынша психологиялық жұмыстар жүргізілді. Оқушыларды қалыпты өмірге бейімдеу мақсатында, мектеп әкімшілігі тарапынан қадағалауға

алынды. Оқушылардың күнделікті сабаққа келуі, тәртібі, көңіл-күйі, күн тәртібі жоспарланып, түрілі іс-шараға қатысуы қадағаланды.

Жоспарға сәйкес мұғалімдермен “Кәсіби жанып кетудің алдын алу” тақырыбында квест өткізілді. Мақсаты: мектеп ұжымының эмоционалды қажуға, кәсіби қызметтің тиімділігін арттыруға, қызметкерлердің тұлғалық дамуына, өзіне деген сыни қатынастың жағымды жақтарын қалыптастыруға бағытталған.

6) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Нәтижелері:

Атырау қаласындағы «SilkWay мектеп-лицейі» мекемесі толық күнді қамтитын болғандықтан 2021-2023 оқу жылы аралығында мектебімізде үйірме жұмысы тұрақты жұмыс істеп келеді. Жыл сайын оқу жылының басында үйірме таңдауға арналған жәрменке өтеді. Оқушылардың таңдауы бойынша жұмысының кестесі белгіленіп, бекітіледі. Қазіргі уақытта білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Себебі еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылу бүгінгі ұрпақ бейнесімен өлшенеді», деген еді. Олай болса, өркениет өзегі -білім, ғылым, тәрбие десек, бұл мәселеге өз үлесімді қосуым қажет деп ойлаймын. Мектеп табалдырығын аттаған әр бүлдіршін-ол ертеңгі қоғам мүшесі, болашақ иесі. Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру-бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік-саяси және жаңа технологиялық өзгерістер, тәрбие мен білім беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру үшін білім саласында жаңа, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Оқушыларды заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы.

Мектептегі барлық пәндерді оқытуда, яғни оқушыларға білім беруде әр пәннің өзіндік бір ерекшелігі бар.

Олар алған мәліметтерді өмірмен байланыстыра отырып, сыни тұрғыда ойлана қарап, бір-біріне сұрақтар қойып, берілген тапсырмаларды өздері талқылайды. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтып, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдап, оқу үрдісіндегі белсенділіктерін арттырады.

Үйірме бағыттары мен атаулары

Бағы	Тілдік	Технологиялық	Өнер	Спорттық	Шығармашылық	Интеллектуалдық
-------------	---------------	----------------------	-------------	-----------------	---------------------	------------------------

Ағылшын тілі	Робототехника	Домбыра	Джиу-джитсу	Дизайн	Интеллектум
Түрік тілі	Makerspace	Гитара	Тхэквондо	Ас мәзірі	Шахмат
Француз тілі		Фортепиано	Волейбол	Сурет	Логика
		Хореография	Каратэ	Актерлік шеберлік	
			Үстел теннисі	«Познай себя» кружок с психологом	
			Футбол	Қолөнер	
			Гимнастика		

Пәндік үйірмелер

Пәндік үйірмелер- сыныптан тыс жұмыстың негізгі формасы болып табылады. Сабақта пәнді оқу бағдарламасынан да көбірек білгісі келетін оқушылар анықталады. Үйірмеге оқушылар ерікті түрде қатысады, оған қатарлас сынып оқушыларын да, әр жастағы оқушыларды да қабылдауға болады. Жыл басында пәндік үйірмелер кестесі, жоспары жасалып, мектеп директорымен бекітілді. Төмендегі кестеде әр бағыт бойынша пәндік үйірмелер көрсетілген. Жалпы пәндік үйірмелер саны - 4.

№	Үйірме атауы	Қатысушы саны		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Ағылшын тілі	29	32	78
2	Түрік тілі	10	10	24
3	Француз тілі	-	4	24
	Барлығы	39	46	126

Өнер үйірмелері

Үйірме – өнер бастауы демекші оқушылармыздың өнелерін жан-жақты дамытудағы мектепшілік өнер үйірмелеріне де оқушылардың қызығушылығы жоғары десе де болады. Өнер үйірмелер (би, домбыра, бейнелеу өнер) өткізілу кестесі жыл басында құрылып бекітілді. Сонымен қатар үйірме жоспарлары да жасалып, бекітілді. Үйірмеге қатысатын оқушылардың жалпы саны – 4.

№	Үйірме атауы	Қатысушы саны		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Домбыра	29	28	39
2	Гитара	4	9	9
3	Фортепиано	14	21	22
4	Хореография	18	24	25

Барлығы**70****86****95****Спорттық үйірмелер**

Мектепте 2021-2023 оқу жылы спорттық үйірмелер бекітілген кесте бойынша уақытылы қарқынды жұмыс жасады. Оқушылар спорттық сайыстарға, конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

№	Үйірме атауы	Қатысушы саны		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Волейбол	23	29	39
2	Каратэ	-	16	21
3	Гимнастика	15	12	21
	Барлығы	38	57	81

Технологиялық үйірме

Технологиялық үйірменің басты мақсаты – әрбір оқушыға түбегейлі білім беру, дәстүрлі мәдениеттің негіздерін үйрете отырып, оларға қолайлы жағдай жасау. Мектептегі жүргізілетін технология сабақтарының тереңдету арқылы өскелең жас ұрпақтың келешекте бір кәсіптік бағдар беруге бағытталады. Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сай еліміздің дамыған елдермен қатар тұруы және ұлтымыздың болашағы үшін зерделі, білімді, өз бетімен іс-әрекет ете алатын, қоғамда өз орны болатын шәкірттерді дайындау.

№	Үйірме атауы	Қатысушы саны		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Робототехника	37	45	62
2	Makerspace	5	6	9
	Барлығы	42	51	71

Шығармашылық үйірме

Шығармашылық үйірменің басты мақсаты балалардың қиялы даму қабілеттерін, көркем-шығармашылық талғамдарын, шығармашылық ойлауын, кеңістікті елестетуін дамытады.

№	Үйірме атауы	Қатысушы саны		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Дизайн	5	4	4
2	Ас мәзірі	25	38	44
3	Сурет	31	42	28
	Барлығы	61	84	76

Интеллектуалдық үйірме

№	Үйірме атауы	Қатысушы саны		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Интеллектуал	30	26	21
2	Шахматы	37	44	55
Барлығы		67	70	76

Спорттық жарыстарға қатысу нәтижелері

	Сайыстың түрі	Деңгейі	I	II	III	Алғысхат, сертификат	Жалпы саны
2021-2022	Футбол	Республикалық	1		1		2
	Шахмат	Қалалық		2			2
Жалпы саны: 4							
2022-2023	Гимнастика	Халықаралық		1			1
		Республикалық	1				1
		Облыстық	1				1
		Қалалық	1	1	1		3
	Тхэквандо	Халықаралық			1		1
		Республикалық	1	1	1		3
		Облыстық	1				1
	Шахмат	Облыстық	1	1			2
		Қалалық	1				1
Футбол	Аудандық		1			1	
Жалпы саны: 15							

Шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері

	Сайыстың түрі	Деңгейі	I	II	III	Алғысхат, сертификат	Жалпы саны
--	---------------	---------	---	----	-----	----------------------	------------

2021-2022	Owlypia	Халықаралық	3	2	5		10
	Мен құрастырған ертегі	Қалалық	1				1
	Қазақстан Білім Олимпиадасы	Республикалық	4		5		9
	Colors of Voices 2021	Халықаралық				1	1
	Олимпиада	Қалалық		2			2
Жалпы саны: 23							
2022-2023	Әр бала – дара бала	Халықаралық	1				1
	Зерек бала	Республикалық	14	29	41		84
	Ұлы дала дүбірі	Республикалық				1	1
	Жадыра, жас дарын!	Республикалық		1			1
Жалпы саны: 87							
Жалпы саны: 119							

7) **Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі).**

Нәтижелері: Бейіналды оқытудың кәсіптік бағдар жұмысы, мамандық таңдау бойынша психологиялық - педагогикалық көмек беру нәтижесінде оқуын арнаулы оқу орындарында жалғастыратын және оқуын мектепте жалғастыратын оқушылар анықталады. Оқушылардың сұраныстары мен 10-сыныпқа келетін оқушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде мектептің жоғары сатысының оқу үдерісі жаратылыстану-математикалық бағытта жүзеге асырылады. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқыту мақсатында 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында таңдау курсы мен факультативтердің басым бөлігі жаратылыстану- математика бағытында берілді. 7 сыныптан бастап ағылшын тілінде оқытылады.

Негізгі орын алатын 5-7- сыныптар және 8-9 сыныптар (бейін алдындағы сыныптар). 5-7-сынып оқушылары ағылшын және екінші шет тілін (түрік тілін) игерулері қажет. Оқушылар бұл тілдерді үйрену арқылы ғылым негіздерін көп тілде қабылдай алады. Осыған байланысты 5-7- сыныптың оқу жоспарында ағылшын тілді терең оқуға мүмкіндік беріледі. 7-сыныптан бастап физика, химия, биология, математика, информатика ағылшын тілінде оқытылады. 5-сыныпта ағылшын тілі А0 деңгейден бастап 7-сыныпқа дейін В1 деңгейін меңгереді. Жаратылыстану –математикалық бағыттағы пәндерді оқытуға байланысты Cambridge университеті ұсынған межеге сай қажетті тілдік деңгейде меңгерген оқушылар жаратылыстану-математика бағыттардағы пәндерді оқи алады.

8-9-сыныптарда бір жағынан негізгі мектептің базалық пәндерінен жалпы білім беру дайындығы аяқталады, екінші жағынан мектептің жоғарғы сатында білім алушылардың бейіндік оқыту қырын саналы түрде анықтауға мүмкіншілік жасайды. Соңдықтан, 8-9-сыныптарында жаратылыстану-математика бағыттағы пәндерді кеңейтіп және тереңдетіп оқыту жүзеге асырылады.

Толығымен алғанда, негізгі саты күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы бейім мен дағдыны қалыптастыратын білім мазмұнын байыту және жеделдету стратегиясына бағытталған базалық білім беруді; жалпы дамуды және арнайы курстарды таңдауды, оқушылардың жеке оқу бағдарламасын құру үшін мүмкіндіктер жасауды, білім беру саласына сәйкес ерте бейіндендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.


Бейіналды оқытуды 7 сыныптан басталады, жаратылыстану-математика бағыттардағы пәндер ағылшын тілінде оқытылады. Негізгі орын алатын **7-сыныптар және 8-9 сыныптар болғандықтан КЕТ/PET Cambridge ағылшын тілінен емтихандары жүреді.**

Бұл емтихан «Білім Орда» қорының координаторының ұйымдастыруымен республикалық деңгейде өтеді. Сыртықы бақылау түріне жатады.


КЕТ/PET Cambridge ағылшын тілі емтиханына талдау

Оқу жылы	сын ыпта р	Оқу шы саны	«Fail» өтпеді		A1		A2		B1		B2	
			саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
2021-2022	7	25	14	56%	9	36%	2	8%	-	-	-	-
	8	21	7	33%	-	-	12	57%	1	0,5%	-	-
	9	20	2	10%	-	-	10	50%	6	30%	2	10%
2022-2023	7	34	7	20,6 %	6	17,6 %	14	41,2 %	7	20,6 %	-	-
	8	34	5	14,7 %	-	-	16	47,1 %	2	5,9%	11	32,4 %
	9	21	5	23,8 %	8	23,5 %	-	-	3	8,8%	5	14,7 %

2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫ



2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ



КЕТ/РЕТ деңгейлік Cambridge-дің ағылшын тілі емтиханы мектебімізде әр жыл сайын 7-9 сыныптар арасында өткізіледі. Бұл емтиханның негізгі мақсаты оқушылардың ағылшын тілінің меңгеру деңгейлерін анықтау. 7 сыныптар максималды деңгейі А1, 8 сыныпта - В1, 9 сыныпта –В2.

2021-2022 оқу жылында 7 сыныпта емтиханды 25 оқушы тапсырды, оның ішінде 14 оқушы емтиханнан өтпеді, 9 оқушы - А1 деңгейін, 2 оқушы-А2 деңгейін көрсетті. 8 сыныпта емтиханды 21 оқушы тапсырса, оның ішінде 7 оқушы емтиханна өтпеді, 1 оқушы - В1 деңгейін, 12 оқушы-А2 деңгейін көрсетті. 9 сыныпта емтиханды 24 оқушы тапсырды, оның ішінде 2 оқушы емтиханнан өтпеді, 10 оқушы – А2 деңгейін, 6 оқушы-В1 деңгейін көрсетті, 2 оқушы-В2 деңгейін көрсетті


2022-2023 оқу жылы бойынша 7 сыныпта емтиханды 34 оқушы тапсырды, оның ішінде 7 оқушы емтиханнан өтпеді, 6 оқушы - А1 деңгейін, 14 оқушы-А2 деңгейін көрсетті. Бұл алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың тілді меңгеру сапасының 35,4%-ға жақсарғаны байқалады.

8 сыныпта емтиханды 34 оқушы тапсырса, оның ішінде 5 оқушы емтиханнан өтпеді, 16 оқушы-А2 деңгейін, 2 оқушы - В1 деңгейін, 11 оқушы-В2 деңгейін көрсетті.

9 сыныпта емтиханды 21 оқушы тапсырды, оның ішінде 5 оқушы емтиханнан өтпеді, 8 оқушы – А1 деңгейін, 3 оқушы-В1 деңгейін, 5 оқушы-В2 деңгейін көрсетті. Алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 9 сыныптарда шамалы төмен көрсеткіштерді көрсетсе, 7-8 сыныптарда емтиханнан өтпей қалған оқушылар саны азайып, сапа көтерілгенін байқаймыз.

Young Learners Exam Cambridge ағылшын тілі емтиханы бойынша талдау

Сыныптар	Емтихан тапсырғандар саны	Starters PreA1		Movers A1	
3	49	47	79%	2	91%
4	39	29	72%	10	80%
5	38	23	77%	15	74%
6	15	6	75%	9	65%



ҮЛЕ деңгейлік Cambridge-дің ағылшын тілі емтиханы мектебімізде алғаш өткізілді. Аталмыш емтихан 3-6 сыныптар арасында өткізіледі. Бұл емтиханның негізгі мақсаты оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейлерін анықтау. Жалпы емтиханның 3 деңгейі бар- starters (PreA1), movers (A1), flyers (A2). Барлық сыныптар тек starters (PreA1) пен movers (A1) деңгейін тапсырды. 3 сынып, 49 оқушыдан 47-сі (79%) starters деңгейін, 2 оқушы (91%) - movers (A1) деңгейіне өтті. 4 сыныптар, 39 оқушыдан 29 оқушы (72%) starters деңгейін, 10 оқушы (80%) - movers (A1) деңгейіне өтті. 5 сыныптардан, 38 оқушыдан 23 оқушы (77%) starters деңгейін, 15 оқушы (74%) - movers (A1) деңгейіне өтті. 6 сыныптардан, 15 емтихан тапсырушылардан 6 оқушы (75%) starters деңгейін, 9 оқушы (65%) - movers (A1) деңгейіне өтті. Қорытындылай келе, 3-6 сыныптар ҮЛЕ деңгейлік Cambridge емтиханын оқушылар жоғарғы деңгейде тапсырды, нәтижелер талданды, қателермен жұмыс атқарылды. Келесі жылы movers (A1) деңгейіне қткен оқушыларды келесі сатыға flyers (A2) өткізу мәселесі шешілді.

2021-2022 оқу жылында 31.08.2021 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен жоғарғы сатының жоспары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының № 27, 28 қосымшаларының негізінде жасалған.

2021-2022 оқу жылында мектеп-лицейімізде (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы еңгізілді. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсына: 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» (аптасына 1 сағат) беріледі.

10,11 сыныптарда элективті курстарға 3 сағат беріліп отыр. ЭССЕ жазуға - 1 сағат, алғашқы әскери дайындық дала жиыны -1 сағат, ағылшын тілін дамыту – 1 сағат, алғашқы әскери дайындық дала жиыны-1сағат.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар – 1 сағат.

10, 11 сыныптарда оқушылардың таңдаулары бойынша тереңдетілген деңгейден физика, география /химия, биология/ пәндері 3 сағаттан, Стандарттық деңгейден дүниежүзі тарихы – 10 – 11 сынып 2 сағаттан оқытылды.

Лицейлік компонентіне 5 сағат бөлініп отыр:

Лицейлік компонент	10 сынып	11 сынып
Қазақстан тарихы	1	2
Шет тілі	2	1
Эссе жазу	2	2

2022-2023 оқу жылында

«Қазақстан Республикасында бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012

жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) № 27, 28 қосымшалары негізінде жүзеге асырылады. «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты арқылы жүзеге асырылады.

Вариативтік компонент есебінен берілетін сағаттарды бөлуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтерінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бағдарламасы басшылыққа алынады. 2022-2023 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсына сағаттар оқуға бөлінеді. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсына: 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»; 6-сыныпта «Экология»; 7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» (аптасына 1 сағат); 8-сыныпта «Медиасауаттылық» (аптасына 1 сағат); 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» (аптасына 1 сағат) беріледі. 10-11 сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері».

Элективті курстарға 1 сағаттан беріліп отыр. Алғашқы әскери дайындық дала жиыны 10 сынып-1 сағат; таңдау бойынша курс практикалық ағылшын 11-сынып-1 сағат берілді.

Лицейлік компонент	10 сынып	11 сынып
Қазақстан тарихы	1	2
Екінші шет тілі /Түрік тілі/	2	1
Эссе жазу		1
Практикалық ағылшын	2	1

- 8) **ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);**

Нәтижелері: Бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері ұсынылған. Аталған өлшемшарт бойынша мектептің оқу-тәрбие үрдісінің талапқа сай жүзеге асырылғанын өткен екі және ағымдағы оқу жылдарының вариативтік компоненттері мен таңдау курстарының іске асырылуын өзін-өзі бағалауда ұсынылған EduPage электрондық журналында

толық талданған сабақ кестелері мен зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері растайды.

2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) білім беру стандарты негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) үлгілік оқу жоспарлары басшылыққа алынды.

5-8-сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары Негізгі орта білім сатының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының № 16,19, 20, қосымшаларының негізінде жасалған.

Негізгі сатыдағы білім мазмұны негізінен аяқталған болып саналады және оқушылардың әрі қарай білім берудің одан арғы бейінін таңдауға кәсіптік бағдарын айқындауға дайындау үшін жағдай жасалынады.

Негізгі саты шартты түрде екі сатыға бөлінеді: негізгі орын алатын 5-7 сыныптар және 8-9 сыныптар (бейін алдындағы сыныптар). 5-7 сынып оқушылары ағылшын және түрік тілін игерулері қажет. Оқушылар бұл тілдерді үйрену арқылы ғылым негіздерін көп тілде қабылдай алады. Осыған байланысты 5-7-ші сыныптың оқу жоспарында ағылшын тілді терең оқуға мүмкіндік беріледі. 7 сыныптан бастап физика, химия, биология, математика, информатика ағылшын тілінде оқытылады.

5 сыныпта ағылшын тілі А0 деңгейден бастап 7 сыныпқа дейін В1 деңгейін меңгереді. Жаратылыстану –математикалық бағыттағы пәндерді оқуға байланысты Cambridge университеті ұсынған межеге сай қажетті тілдік деңгейде меңгерген оқушылар жаратылыс-математика бағыттардағы пәндерді оқи алады.

8-9 сыныптарда бір жағынан негізгі мектептің базалық пәндерінен жалпы білім беру дайындығы аяқталады, екінші жағынан мектептің жоғарғы сатында білім алушылардың бейіндік оқыту қырын саналы түрде анықтауға мүмкіншілік жасайды. Соңдықтан, 8-9 сыныптарында жаратылыстану-математика бағыттағы пәндерді кеңейтіп және тереңдетіп оқыту жүзеге асырылады.

Толығымен алғанда, негізгі саты күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы бейім мен дағдыны қалыптастыратын білім мазмұнын байыту және жеделдету стратегиясына бағытталған базалық білім беруді; жалпы дамуды және арнайы курстарды таңдауды, оқушылардың жеке оқу бағдарламасын құру үшін мүмкіндіктер жасауды, білім беру саласына сәйкес ерте бейіндендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары назарға алынып жасалынды.

Жоғарғы сатының жоспары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының № 27,28 қосымшаларының негізінде жасалған.

Жоғарғы сатыда вариативтік бөлік қолданбалы курстардан, факультативтерден, таңдамалы курстардан тұрады. Бейіндік пәндер мен қолданбалы курстарды таңдаған бағыттары бойынша тереңдетіп оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Вариативтік компоненттің көбейуі лицейдің бейіндік оқытуды вариативтендіруге мүмкіндік береді. Инвариантты компонентінен таңдау пәндерінен Алгебрадан есептер шығару және ағылшын тілін дамытуға сағаттар берілді. Элективті курстарға 3 сағат беріліп отыр. ЭССЕ жазуға - 1 сағат, алғашқы әскери дайындық дала жиыны -1 сағат, ағылшын тілін дамыту – 1 сағат, алғашқы әскери дайындық дала жиыны-1сағат және дене шынықтыру: спорттық ойындарына 1 сағат беріліп отыр.

Лицейлік компонентінің 5 сағатының бірі Қазақстан тарихы –10-сынып- 1 сағат,11-сынып-2 сағат, шет тілі – 10-сынып-2 сағат, 11-сынып-1сағат және эссе жазуға арналған -2 сағат бөлініп отыр.

Мектептің жоғары сатысының оқу үдерісі жаратылыстану-математикалық бағытта жүзеге асырылды.

ЖШС «SilkWay мектеп-лицейі» мекемесінің оқу жоспары 1-11 сыныптарда үйірмелерді, студияларды, ғылыми қоғамдарды және басқаларды ұйымдастыру үшін әр сыныпқа 4 сағат бөлінеді.

Курс атауы	Сағат саны	Сынып	Оқыту тілі
Интеллектум	1	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	2	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Maker space	1	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Интеллектум	1	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	2	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Maker space	1	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Интеллектум	1	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	2	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Maker space	1	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Интеллектум	1	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	2	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
Maker space	1	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	5	Қазақ тілі
Maker space	1	5	Қазақ тілі

Жобалау	1	5	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	5	Түрік тілі
Робототехника	1	6	Қазақ тілі
Maker space	1	6	Қазақ тілі
Жобалау	1	6	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	6	Қазақ тілі
Робототехника	1	7	Қазақ тілі
Maker space	1	7	Қазақ тілі
Жобалау	1	7	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	7	Ағылшын тілі
Робототехника	1	8	Қазақ тілі
Maker space	1	8	Қазақ тілі
Жобалау	1	8	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	8	Ағылшын тілі
Робототехника	1	9	Қазақ тілі
Maker space	1	9	Қазақ тілі
Жобалау	1	9	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	9	Ағылшын тілі
Математикалық есептер шығару	2	10	Ағылшын тілі
Қосымша математика	2	10	Ағылшын тілі
Математикалық есептер шығару	2	11	Ағылшын тілі
Қосымша математика	2	11	Ағылшын тілі

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Қазақстан Республикасында бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) бұйрықтары басшылыққа алынды.

ЖШС «SilkWay мектеп-лицейі» мекемесі білім алушының ғылым, білім, мәдениет, өнер, спортты терең игеруге бағытталған, элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады.

ЖШС «SilkWay мектеп-лицейі» мекемесі (ары қарай «мектеп-лицей») оқу жоспары 11 жылға негізделген (1-11- сынып). Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңарту шеңберінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту қазіргі 11 жылдық мектеппен қатар

жаңартылған білім мазмұнында да білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. «Мектеп - лицейде» оқыту бастауыш және негізгі буын 1-6-сыныптарда оқыту тілінде жүзеге асырылады, 7-11-сыныптарда қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жүргізіледі. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, орыс тілі мен орыс әдебиеті, Қазақстан тарихы, география, Адам және қоғам, дүниежүзі тарихы, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру, сызу 5-11 сыныптарда оқыту тілдерінде жүзеге асырылады, ағылшын тілі, алгебра, геометрия, физика, химия, биология, информатика 7 сыныптан бастап ағылшын тілінде оқытылады. Негізгі орын алатын 5-7- сыныптар және 8-9 сыныптар (бейін алдындағы сыныптар). 5-7-сынып оқушылары ағылшын және екінші шет тілін (түрік тілін) игерулері қажет. Оқушылар бұл тілдерді үйрену арқылы ғылым негіздерін көп тілде қабылдай алады. Осыған байланысты 5-7- сыныптың оқу жоспарында ағылшын тілді терең оқуға мүмкіндік беріледі. 7-сыныптан бастап физика, химия, биология, математика, информатика ағылшын тілінде оқытылады. 5-сыныпта ағылшын тілі А0 деңгейден бастап 7-сыныпқа дейін В1 деңгейін меңгереді. Жаратылыстану –математикалық бағыттағы пәндерді оқытуға байланысты Cambridge университеті ұсынған межеге сай қажетті тілдік деңгейде меңгерген оқушылар жаратылыс-математика бағыттардағы пәндерді оқи алады. 8-9-сыныптарда бір жағынан негізгі мектептің базалық пәндерінен жалпы білім беру дайындығы аяқталады, екінші жағынан мектептің жоғарғы сатында білім алушылардың бейіндік оқыту қырын саналы түрде анықтауға мүмкіншілік жасайды. Сондықтан, 8-9-сыныптарында жаратылыстану-математика бағыттағы пәндерді кеңейтіп және тереңдетіп оқыту жүзеге асырылады. Толығымен алғанда, негізгі саты күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы бейім мен дағдыны қалыптастыратын білім мазмұнын байыту және жеделдету стратегиясына бағытталған базалық білім беруді; жалпы дамуды және арнайы курстарды таңдауды, оқушылардың жеке оқу бағдарламасын құру үшін мүмкіндіктер жасауды, білім беру саласына сәйкес ерте бейіндендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Курс атауы	Сағат саны	Сынып	Оқыту тілі
Интеллектум	1	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Белсенді математика	1	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Интеллектум	1	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Қызықты математика	1	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Ағылшын тілі	1	2	Ағылшын тілі
Интеллектум	1	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Домбыра	1	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Ағылшын тілі	1	3	Ағылшын тілі

Интеллектум	1	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
ҚЫЗЫҚТЫ математика	1	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
Ағылшын тілі	1	4	Ағылшын тілі
Робототехника	1	5	Қазақ тілі
Maker space	1	5	Қазақ тілі
Жобалау	1	5	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	5	Түрік тілі
Робототехника	1	6	Қазақ тілі
Maker space	1	6	Қазақ тілі
Жобалау	1	6	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	6	Қазақ тілі
Робототехника	1	7	Қазақ тілі
Maker space	1	7	Қазақ тілі
Ағылшын тілі	1	7	Ағылшын тілі
Түрік тілі	1	7	Түрік тілі
Робототехника	1	8	Қазақ тілі
Maker space	1	8	Қазақ тілі
Жобалау	1	8	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	8	Ағылшын тілі
Робототехника	1	9	Қазақ тілі
Maker space	1	9	Қазақ тілі
Жобалау	1	9	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	9	Ағылшын тілі
Maker space	1	10	Қазақ тілі
Математикалық сауаттылық	1	10	Ағылшын тілі
Математикалық есептер шығару	1	10	Ағылшын тілі
Волейбол	1	10	Қазақ тілі
Maker space	1	11	Қазақ тілі
Математикалық сауаттылық	1	11	Ағылшын тілі
Математикалық есептер шығару	1	11	Ағылшын тілі
Волейбол	1	11	Қазақ тілі

2023-2024 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Қазақстан Республикасында бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы «Қазақстан

Республикасында бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) бұйрықтары басшылыққа алынды.

«Өскемен қаласындағы «Нұрорда» мектеп-лицейі» мекемесі білім алушының ғылым, білім, мәдениет, өнер, спортты терең игеруге бағытталған, элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады. Негізгі орын алатын 5-7- сыныптар және 8-9 сыныптар (бейін алдындағы сыныптар). 5-7-сынып оқушылары ағылшын және екінші шет тілін (түрік тілін) игерулері қажет. Оқушылар бұл тілдерді үйрену арқылы ғылым негіздерін көп тілде қабылдай алады. Осыған байланысты 5-7- сыныптың оқу жоспарында ағылшын тілді терең оқытуға мүмкіндік беріледі. 7-сыныптан бастап физика, химия, биология, математика, информатика ағылшын тілінде оқытылады.

5-сыныпта ағылшын тілі А0 деңгейден бастап 7-сыныпқа дейін В1 деңгейін меңгереді. Жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндерді оқуға байланысты Cambridge университеті ұсынған межеге сай қажетті тілдік деңгейде меңгерген оқушылар жаратылыстану- математика бағыттардағы пәндерді оқи алады.

8-9-сыныптарда бір жағынан негізгі мектептің базалық пәндерінен жалпы білім беру дайындығы аяқталады, екінші жағынан мектептің жоғарғы сатында білім алушылардың бейіндік оқыту қырын саналы түрде анықтауға мүмкіншілік жасайды. Соңдықтан, 8-9-сыныптарында жаратылыстану-математика бағыттағы пәндерді кеңейтіп және тереңдетіп оқыту жүзеге асырылады.

Толығымен алғанда, негізгі саты күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы бейім мен дағдыны қалыптастыратын білім мазмұнын байыту және жеделдету стратегиясына бағытталған базалық білім беруді; жалпы дамуды және арнайы курстарды таңдауды, оқушылардың жеке оқу бағдарламасын құру үшін мүмкіндіктер жасауды, білім беру саласына сәйкес ерте бейіндендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Курс атауы	Сағат саны	Сынып	Оқыту тілі
Интеллектум	1	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Белсенді математика	1	1	Қазақ тілі/Орыс тілі
Интеллектум	1	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Қызықты математика	1	2	Қазақ тілі/Орыс тілі
Ағылшын тілі	1	2	Ағылшын тілі
Интеллектум	1	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Домбыра	1	3	Қазақ тілі/Орыс тілі
Ағылшын тілі	1	3	Ағылшын тілі

Интеллектум	1	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
Робототехника	1	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
ҚЫЗЫҚТЫ математика	1	4	Қазақ тілі/Орыс тілі
Ағылшын тілі	1	4	Ағылшын тілі
Робототехника	1	5	Қазақ тілі/Орыс тілі
Maker space	1	5	Қазақ тілі/Орыс тілі
Жобалау	1	5	Қазақ тілі/Орыс тілі
Қосымша математика	1	5	Түрік тілі
Робототехника	1	6	Қазақ тілі
Maker space	1	6	Қазақ тілі
Жобалау	1	6	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	6	Қазақ тілі
Робототехника	1	7	Қазақ тілі
Maker space	1	7	Қазақ тілі
Ағылшын тілі	1	7	Ағылшын тілі
Түрік тілі	1	7	Түрік тілі
Робототехника	1	8	Қазақ тілі
Maker space	1	8	Қазақ тілі
Жобалау	1	8	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	8	Ағылшын тілі
Робототехника	1	9	Қазақ тілі
Maker space	1	9	Қазақ тілі
Жобалау	1	9	Қазақ тілі
Қосымша математика	1	9	Ағылшын тілі
Maker space	1	10	Қазақ тілі
Математикалық сауаттылық	1	10	Ағылшын тілі
Математикалық есептер шығару	1	10	Ағылшын тілі
Волейбол	1	10	Қазақ тілі
Maker space	1	11	Қазақ тілі
Математикалық сауаттылық	1	11	Ағылшын тілі
Математикалық есептер шығару	1	11	Ағылшын тілі
Волейбол	1	11	Қазақ тілі


2021-2023 оқу жылдарындағы пән олимпиадалары, зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері.



Р/с	Оқу жылы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Аудандық көрсеткіш	Облыстық көрсеткіш
1	2020-2021 оқу жылы	Турлыбаева Фатима	9	Ағылшын тілі	II	
2		Катапова Адия	11	Ағылшын тілі	II	
3		Қиса Бекдаулет	9	Математика	III	
1	2021-2022 оқу жылы	Бактығали Ақсая	6	Математика	II	
2		Катапова Адия	11	Ағылшын тілі	II	
3		Тұрлыбаева Сабира	9	Ағылшын тілі	II	
4		Сандибеков Асылжан	10	Информатика	II	
5		Мақсот Нуралы	11	География	II	
6		Оңдасын Алихан	10	Физика	Алғыс хат	
7		Жолдыбаева Ғазиза	9	Ағылшын тілі	Алғыс хат	
1	2022-2023 оқу жылы	Орақбай Әлихан Мұхамеджанұлы	5	Ағылшын тілі	II	
2		Айтқали Әсемай Тоқсанбайқызы	7	Ағылшын тілі	II	I
3		Амангелді Аймира Серікқызы	7	Химия	II	
4		Ахметкерей Бекарыс Айдосұлы	7	Информатика	II	
5		Ламаев Омар Фарух	8	Орыс сыныптарындағы қазақ тілі	II	
6		Исмагулова Аружан Казбековна	7	Қазақ сыныптарындағы орыс тілі	Алғыс хат	
7		Ғалымжанқызы Гүлім	8	Қазақ тілі мен әдебиеті	Алғыс хат	

8		Ашық Юсуф	8	Ағылшын тілі	Алғыс хат	
9		Морено Родригес Алисия	8	Химия	Алғыс хат	
10		Бектұрған Сурия Дәуренқызы	9	Ағылшын тілі	I	I
11		Мұрат Аян русланұлы	11	Құқық негіздері	I	
12		Байжанова Аянат Тұрғанбайқызы	9	Ағылшын тілі	II	
13		Морено Родригес Алисия	9	Химия	II	II
14		Саркитов Алан Жанибекович	9	Биология	II	
15		Ламаев Омар Фарух	9	Орыс сыныптарын дағы қазақ тілі мен әдебиеті	II	
16		Жолдыбаева Ғазиза Рустемовна	10	Ағылшын тілі	II	
17		Маженова Нурай Дюсембаевна	10	Қазақстан тарихы	II	
18		Жалпанова Айжана Исламовна	9	География	III	
19		Тор Зейнеп	10	Ағылшын тілі	III	
20		Мұрат Нұрайлым Медетқызы	10	География	III	
21		Амангелді Айна Азаматқызы	11	География	Алғыс хат	
22		Мералиева Дана Махмутқызы	11	Ағылшын тілі	Алғыс хат	
23		Абдуллина Сафи Айдыновна	11	Ағылшын тілі	Алғыс хат	
24		Мұрат Ариза Медетқызы	7	Химия	I	


ЖШС "SilkWay мектеп-лицейі" бойынша соңғы төрт жылдағы оқушылардың ғылыми жоба байқауларының мониторингісі



Орын	2020-2021 о/ж	2021-2022 о/ж	2022-2023 о/ж	2023-2024 о/ж
I орын			1	
II орын				1
III орын			1	1
Облыс			1	

Р/с	Оқу жылы	Оқушының аты-жөні	Аудандық			Облыстық		
			I	II	III	I	II	III
1	2020 – 2021 оқу жылы							
1	2021-2022 оқу жылы							
1	2022-2023 оқу жылы	Ерқоңыр Әділасқар	+		+	+		
2		Елешов Ибрагим; Сәтгүрсын Зере			+			
1	2023-2024 оқу жылы	Ғалымжанұлы Нұрым		+				
2		Сәулетұлы Санжар			+			

ЖШС "SilkWay мектеп-лицейі" бойынша соңғы үш жылдағы 3-4, 5-6 сынып оқушылар арасындағы "Алтын сақа" математикалық олимпиадасының мониторингісі



Р/с	Оқу жылы	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Аудандық				Облыстық			
				I	II	III	Алғыс хат	I	II	III	Алғыс хат
1	2020–2021 оқу жылы	Марат Іңкәр	5								
1	2021-2022 оқу жылы	Болат Нурия	3			+				+	
2		Саурбаев Динмухамед	4			+					
3		Ахметкерей Бекарыс	6		+						
1	2022-2023	Саурбаев Динмухамед Ерболович	5		+			+			

2	оқу жылы	Тілекқабыл Нұрқасым Талапұлы	5			+					
3		Аманқос Айбар Асылханұлы	6			+					
4		Ерарыстан Айша Бибі Серболатқызы	3	+							+
5		Махмұтрайым Сайд Фариддинұлы	3			+					
6		Болат Нурия Айбатқызы	4				+				
7		Аманғалиев Амирхан Асыланович	4	+							+
8		Шахадат Кеңес Ғибратұлы	4					+			

**Оқушылардың қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық шығармашылық конкурстарға қатысу нәтижелері
2021-2022 оқу жылы**

Олимпиад алар, байқаулар, сайыстар деңгейлер і	Бас жүлде	I орын	II орын	III орын	Сертифик ат	Барлығы
Халықаралық	21	4	12	11		48
Республикалық	97	39	29	29		194
Облыстық						
Қалалық		1				1
Барлығы	118	44	41	40		243

2022-2023 оқу жылы

Олимпиад алар, байқаулар, сайыстар деңгейлер і	I орын	II орын	III орын	Номинация	Сертифик ат	Барлығы
Халықаралық	36	27	10			73
Республикалық	42	58	41		20	161
Облыстық						
Қалалық						

КБО-1-ге 47 оқушы қатысып, алтын- 3, күміс- 4, қола- 12 иеленді. First Lego League Challenge Super Powered жарысы 28-ші қаңтар күні Орал қаласында өтті. Жарыстың тапсырмасы энергияның қалай өндірілетіні, сақталатыны, таратылатыны және тұтынылатыны туралы балаларға үйрету болды.

Мақсаты: энергетика саласын болашақта дамыту.

Төрт бағыттағы тапсырмалар:

- 1) Негізгі құндылықтар
- 2) Робот дизайны
- 3) Инновациялық жоба
- 4) Робот ойыны

«SilkWay мектеп-лицейінің» атынан “SilkWay Mindstorms” тобы болып, 5 “Б” және 6 “А” сыныбынан оқушылар қатысты.

- 1) Қайрат Рамазан 6 «А»
- 2) Амантай Алинұр 5 «Б»
- 3) Әділхан Темірлан 5 «Б»
- 4) Жетпісбай Али 5 «Б»
- 5) Мақсұт Қайсар 5 «Б»
- 6) Мақсұт Ихсан 5 «Б»
- 7) Садық Шәкәрім-Али 5 «Б»

Негізгі құндылықтар номинациясы бойынша 2-орын иеленіп, Батыс бойынша 24 топтан 10 үздік топтардың қатарына кіріп, Астана қаласына ұлттық кезеңге жолдама алды.

First Lego League Challenge

Central Asia FIRST CHAMPIONSHIP – 2023. First Lego League Challenge олимпиадасы бойынша Атырау қаласы SilkWay мектеп-лицейінен 5 сыныптар арасынан құрылған “SilkWay Mindstorms” тобы Халықаралық кезеңге қатысып, “Өсіп келе жатырған жұлдыз” марапатына ие болды, бұл марапат төрешілер болашақта үлкен жетістіктерге қол жеткізеді деп сенетін командаға беріледі. Топ қатысушылары:

1. Мақсұт Ихсан – 5 «Б» сынып оқушысы
2. Әділхан Темірлан - 5 «Б» сынып оқушысы
3. Жетпісбай Али - 5 «Б» сынып оқушысы
4. Мақсұт Қайсар - 5 «Б» сынып оқушысы
5. Садық Шәкәрім – Әли - 5 «Б» сынып оқушысы
6. Амантай Алинұр - 5 «Б» сынып оқушысы

Топ жетекшісі: Робототехника пәнінің мұғалімі Әбдуақасов Мейіржан Ерланұлы.

CENTRAL ASIA FIRST CHAMPIONSHIP – 2023. FLL Explore олимпиадасы бойынша Атырау қаласы Silkway мектебінен 2, 3 ,4 – сыныптар арасынан құрылған «Sonic Silkway» тобы Халықаралық кезеңге қатысып, қатысушы 50 топтардың арасынан “Күрделілік және безендіру” марапатына ие

болды, керемет сәндік әсерлері бар әдемі модель дизайны үшін табысталды. Social Media Challenge (бұдан әрі SMC) - FIRST Kazakhstan 2023 Ұлттық Чемпионатының финалына командаларды іріктеу кезіндегі негізгі критерийлердің бірі әрі қатысушылар үшін бірегей құрал болып табылады. Сондықтан құрама топтар үшін SMC-ге қатысу міндетті. Social Media Challenge марапатына қатысушы 50 топ арасынан таңдалып, 4 іріктеу топтары жеңімпаз болды, соның ішінде Sonic SilkWay командасы.

Топ қатысушылары:

1. Дилик Талха – 3 «С» сынып оқушысы
